№139 (591)
10 тамыз
сәрсенбі
2011 жыл

Алаш айнасы

Республикалық қоғамдық-саяси ақпараттық газет

Хакім Абайдың туған күні

«Болыс болдым, мінеки» немесе Абайдың билікке көзқарасы

2-бет

Абай нәр алған асыл арналар

5-бет

Абай – жеті қазына иесі

7-бет

ISSN 2076-0639

www.alashainasy.kz
e-mail: info@alashainasy.kz

ЭКОНОМИКА АЙНАСЫ

USD	146,65	—
EUR	210,19	▲
RUB	5,15	▼
CNY	22,79	▲
EUR/USD	1,44	—
DJIA	10809,81	▼
RTSI	1530,63	▼
KASE	1198,56	▼
BRENT (ICE)	101,82	▼
GOLD (NYMEX)	1567,79	▼

Абайдың айналасы – ақындық мектеп қана емес, қайраткерліктің, ұлтшылдықтың ұлы өнегесі

Абай ОМАРОВ (коллаж)

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қазақтың басынан кешкен тарихының кейбір кезеңдерін жырлайтын бір өлеңінде «Бұқар тұсы», «Абай тұсы», «Маса тұсы» деп қазақ басынан өткен кезеңдерді нақты тұлғалармен, олардың ұлт алдындағы ерен еңбегімен екшеп, айрықша бөліп алып суреттейтіні бар. Расында, мұндағы «Абай тұсының» ел тарихындағы орны маңызды еді. Патшалық Ресей қазақты отарлау саясатын барынша игеріп тұрған уақытта өмір сүрген Абай өз заманында айналасындағылардың, соңынан ерген шәкірттерінің біліммен сусындаудағы, мәдениет пен саясат жолындағы рухани ұстазына айналып, кейіннен олардың ұлт ісінде айрықша серпілуіне үлкен себеп болды. Абай өзінен кейінгілерге ісімен ғана емес, дана ойшылдығымен, елшілдік ұранымен де үлгі–өнеге бола білді. Өзінен дәріс алғандарды «жылтыраған түйме», шен–шекпен үшін емес, халқы, ұлты үшін қызмет етуге үндеді. «Орыс айтты өзіңе ерік берем деп, кімді сүйіп сайласаң, бек көрем деп», – дей келе, патшалық әкімшілік тарапынан жүргізіліп отырған саясатты сынап, сол жолда далбақтап жүгіргендерді надандар қатарына жатқызған болатын. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың» деген өлмес өсиетті де Абай қалдырды.

Қанат ҚАЗЫ

Мінеки, осындай даналықтың үлкен мектебінен өткен ақын шәкірттерінің қай-қайсысы болса да ел басына күн туған шақта өз басының амандығын күйттеп кетпей, қиын-қыстау заманда жұртымен бірге болды. Шама-шарқынша ұлттың ауыртпалығын мойнымен көтере бөлісіп, сол жолда құрбандыққа бастарын да тікті. Сондықтан да «Абай тұсынан» кейінгі «Оян, қазақ!» тұсында да «Маса тұсы» мен «Алаш тұсында» өмір сүрген қазақтың біртуар азаматтары, ұлт қайраткерлерінің баршасы дана Абайды рухани ұстаз ретінде санағандығы белгілі. «Қазақтың бас ақыны – Абай. Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», – деп жазған Алаштың ардақты қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы да мысал өлеңдерін жазғанда Абай салған соқпаққа сүйенеді. Осы бағытта таза Абай үлгісімен отаршылдық зардабының қазаққа батқан жағдайын суреттеп, «Маса» атты әйгілі өлеңдер жинағын шығарады.

Жалғасы 3–бетте

ДАТ!

Тұрсын ЖҰРТБАЙ:

Абайтану туралы пікір айтатын жаңа ұрпақ өткен мен бүгінді байланыстыра алмай жүр

6-бетте

Абай неге сыйлықтан құр қалды?

Украинада біздегі Мемлекеттік сыйлық тәрізді Тарас Шевченко атында ұлттық сыйлық бар. Украин халқы өздерінің ұлы ақындарын осылайша дәріптеуде. Ал Ресейде әдебиетке еңбегі сіңіп, тер төгіп жүргендерге Михаил Шолохов пен Федор Достоевский атындағы халықаралық әдебиет сыйлығы беріліп жатады. Олар өздерінің сүйікті жазушыларын әлемге осылайша мәшһүр етуде. Қырғыз бауырларымыз Шыңғыс Айтматовтың мерейін асқақтатып, халықаралық сыйлықтың атын жазушының атына берді. Ал бізде ше?..

Бізде олардың ақын-жазушыларын бес орайтын, асқар шыңымыз, ұлы ақынымыз Абай Құнанбаев бар. XX ғасырдың ортасынан бастап бізде де мемлекеттік сыйлық Абай атында тағайындалып, әдебиетке зор үлес қосқан ақын-жазушыларымызға беріп тұрдық. Бірақ бұл сыйлық бүгінгі таңда Абай атындағы емес, жай ғана Мемлекеттік сыйлық болып қалды.

Абай атындағы мемлекеттік сыйлық әдебиетті одан әрі дамыту, көрнекті шығармаларды көтермелеп отыру мақсатымен 1966 жылдан бастап 1994 жылға дейін жыл сайын беріліп келді. 1966 жылы «Дала сыры» повесі үшін Тахауи Ахтанов алғаш Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болды. Содан бері Х.Есенжанов, С.Мұқанов, Ә.Әлімжанов, І.Есенберлин, Н.И.Анов (Иванов), Ғ.Мүсірепов, С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев, О.Сүлейменов, М.Қаратаев, Ә.Тәжібаев, Б.Момышұлы, И.П.Шухов, Ғ.Мұстафин, Қ.Бекхожин, Ш.Мұртазаев, Ғ.Қайырбеков, Қ.Мырзалиев, Ә.Нұршайықов, Х.Ерғалиев, М.Д.Зверев, Т.Молдағалиев, М.Әлімбаев, М.Мағауин, Ф.Оңғарсынова, О.Бөкеев, Ә.Кекілбаев, М.Д.Симашко (Шамис), Р.Нұрғалиев, С.Шаймерденов, Қ.Жұмаділов, Қ.Ысқақов, Д.Исабеков, Ә.Сараевтар бұл мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары атанды.

Біздің түсінбегеніміз, неге бұл мемлекеттік сыйлықтан Тәуелсіздік алғанымызда, құлдықтың қамыты мен цензураның шынжырын мойнымыздан лақтырып тастағанда, ұлы ақынымызды нағыз дәріптейтін заман туғанда Абай аты алып тасталды?

Жалпы, бүгінде әдебиет саласында берілетін сыйлықтар жоқ емес, бар. Бірақ Мемлекеттік сыйлықтың орны, нарқы бөлек. Салмақты сыйлыққа Абай атын қайта беріп, бұрынғы айдарын жаңғыртсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл ұсынысты ақын-жазушыларымыз да қос қолын көтеріп қолдап отыр.

Несіпбек АЙТҰЛЫ, *ақын:*

– Бұрын әдебиет саласындағыларға – Абай атындағы мемлекеттік сыйлық деп, ал ғылым саласындағыларға Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлық деп табысталып жататын. Осы атауды қайта жаңғыртып, Абай атындағы мемлекеттік сыйлық деп жаңғыртқанымыз дұрыс деп ойлаймын. Себебі Абай – әдебиеттің басында тұрған тұлға.

Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ, *жазушы:*

– Кезінде Абай атымен аталып келген мемлекеттік сыйлық солай қалуы керек еді. Оны қазір алып тастады ма, алып тастады. Енді оған біздің пікіріміз өтпейді. Қалыптасып қалған атау енді өзгермейді-ау. Ресейде Фадеев, Шолохов атындағы халықаралық сыйлықтар бар. Орыстарды үлгі тұтатын елміз ғой. Солар секілді бізге де Абайдың атындағы бір сыйлықты тағайындау керек. Әдебиетке сыйлықтың көптігі жоқ. Абай ұмытылып қалмасын, оның атында сыйлық болсын дегеніміз дұрыс.

Мекемтас МЫРЗАХМЕТ, *абайтанушы:*

– Абай атындағы сыйлық қазір Мемлекеттік сыйлық деп қана аталып жүр ғой. Негізінен, Абай атындағы сыйлықты алу үшін соған лайықты еңбек болуы керек.

Серік АҚСҰҢҚАР, *ақын:*

– Мемлекеттік сыйлық деп жүргеніміз дұрыс емес. Абай атындағы мемлекеттік сыйлық деген атауын қайтарғанымыз дұрыс.

Салтан СӨКЕН

ОЙТҮРТКІ

Кеңес неге Абайдан өлердей қорықты?

Хакім Абайдың имани жырларындағы (шығыстық) Ибраһим болмысын тану біздің маңдайымызға жазылған бақ секілді. Осы кезге дейін Абай өлеңдерін таптық, одан қалды ұлттық таныммен астастырып танып келген болсақ, жаңа үшінші мыңжылдық басталар тұста данышпанның ар ілімінің – исламиятты тану, мораль философиясы, адамгершілікті ұғыну секілді күрделі ғаламдық деңгейдегі тұжырымдарының есігі айқара ашылды. Ар ілімі – оның Шығысы. Шығыстан алған тәлімі мен тағылымы, болмысына сіңіріп, рухани құндылыққа айналдырған жауһары. Абайдың Ибраһим болмысы деп отырғанымыз – осы.

Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

АБАЙ ШЫҒЫСЫНЫҢ ШАРАПАТЫ

Кежегесі кері тартқан кеңестік кезеңнің аяр саясаты болмағанда, Абай Шығысының шарапатын ерте көрер ме едік?! 1949 жылы Мәскеу арнайы қаулы шығарып, Шығысқа да, Батысқа да бас игендерді жазалайтындығын мәлімдеді. Батысқа қарап бой түзеген еврейлер жазаланды. Шығыстық тамырына тартқан, кітап жазып, мақала шығарғандардың барлығы да атылды, жазаға тартылды, қудаланды. Сондықтан да Абайдың Шығысын зерттеуге құлып салынды. Биліктің механизмді машинасы әуелі сол құлыпты ашып, құпиясын анықтамақ болған профессор Әуелбек Қоңыратбаевты екінші мәрте Абайдың Шығысы туралы мақала жазбақ түгіл, ауызға алмайтындай етіп жазалап, Қызылордаға жер аударды. Бар жазығы ұлы ақынның жаңа қырын – Шығыс ақындарына тән пәлсапалық өлеңдерінің табиғи қалпын түсінуге тырысып, мақала жазғандығы болған профессор Қоңыратбаев Қызылордада жеті жылдық мектепке есекке мініп барып сабақ берді.

Абай Шығысына толықтай тосқауыл қойылғандығын түсінген ғалымдар саясаттың салқынына қарсы тұра алмады. Тек Мұхтар Омарханұлы кеңестік ұстанымға қиғаштау келіп, Абай Шығысын толық зерттемесе де, тезиспен біраз дүниеге сілтеме жасауға ұмтылды. Және ол жұмысы жеміссіз қалған жоқ-тын.

Енді кемеліне келіп, ес жия бастаған Кеңес үкіметі жоғарыда аталған қаулыны қандай қажеттіліктен қабылдады? Әрине, түптің-түбі қауіптің үлкені Батыстан келетінін олар жақсы білді. Алайда дәстүріне берік Шығыстан қауіптенуінің сыры неде? Батыстың материалдық құндылықты басты орынға қойып, сол жолда жан аяспас әрекеттерге баратыны олардан аяқ тартуға тура келгендігін ұқтырды. Дегенмен одан да қауіптісі Шығыста еді. Өйткені Шығыс әрдайым өзінің дәстүрсалтымен біте қайнасып, мың жылдық өмір сүру ережесімен астасқан саналық Тәуелсіздігіне ұмтылған-тын. Алаш қайраткерлерінің тұсында дүр сілкінген саналық Тәуелсіздік Кеңес үкіметі қанатының астындағы Шығыс жұртының жадында лап етіп жануға дайын тұрған қызыл шоқтай маздап жатты.

Жалғасы 5–бетте

ПАЙЫМ

ОЙ-КӨКПАР

Абайтану институтын аша алмай отырған қазақтан абайтанушы ірі ғалымдар шықпай қалу қаупі бар ма?

Мекемтас МЫРЗАХМЕТ,
абайтанушы:

ИӘ

– Бүгін абайтану ғылымына адам келмей жатыр. Талантты жастар аяқ баспайды. Олай болатын себебі, білімді жастарды келтіруге ынталандыратын тетік жоқ, келгісі келетін өрендердің ғылыммен айналысып жүріп, тұрмысымен «көгеретін» жері де жоқ. Алатын ақшасы мардымсыз, кандидаттардың жалақысы – 50 мың теңгенің айналасы. Сонда мұндай үлкен ғылым жолына, жағдай жасалмаса, кім келеді?! Мәселен, біз дәл қазіргі күні абайтану бағытындағы ғылымға адам іздеп таба алмай отырмыз. Бүгінгі таңда Абайтану ғылыми-зерттеу орталығы бар. Биыл осы орталықты институтқа айналдырмақ ниетімізді жүзеге асырмақшымыз. Бірақ жас ғылымы жоқ болса, ондай институттың келешегі қалай болмақ? Рас, ондай институтқа ақша алатын адамдар келуі мүмкін, бірақ жұмыс істейтін адамдар келмей жатыр. Сондықтан да алдағы уақытта қамданбасқа болмайды. ▸▸

Абайды қазақ толық таныды ма? «Толық Абай» кім? Ағартушы Абайды, ақын Абайды, ойшыл Абайды, қайраткер Абайды ғалымдарымыз әлемге таныстырмас бұрын, қазақ жұртшылығының өзіне қаншалықты етене ете алды? Жә. Кеңестік кезеңде Абай данышпандығын, оның даналығын толық тануға жүйе мұрсат бермепті. Ал Тәуелсіздіктен бері қарайғы кезеңдегі Абайдың дәріптелуі, танылуы нешік? Абайтану ғылымының бүгеншігесін үңгіп жатқан кейінгі жастардан кім бар? Мінеки, осындай сауалдар біздің көзі ашық, көкірегі ояу оқырмандарымызды жиі мазалайтыны белгілі. Өйткені қарапайым оқырман түгіл, бірқатар ғалымдардың өзі де абайтану ісінің бүгінгі деңгейіне соншалықты көңілі тола бермейді. Сөз жүзінде көп айтып, іске келгенде тым селқостық танытып жатқандаймыз. Сондықтан да абайтанудың ертеңіне алаңдаушылыққа қатысты ұлы тұлғаның мұрасына қанық ғалымдардың пікіріне ой жүгіртіп, оқырманның алдына сынды мәселені сарапқа тастағанды жөн санадық.

3–бетте

ЖОҚ

– Мәселенің екі қыры бар. Біріншіден, Абай даналығы ислам құндылығымен тікелей байланысты. Шын Абайды тану үшін ислам тарихынан, ислам философиясынан танымымыз барынша жетік болуы шарт. Ендеше, абайтанудың ендігі келешегі мұсылмандық тәрбие алған, исламнан хабары бар әрі ақын философиясын меңгерген ғалымдармен тікелей байланысты. Мұндай жеткіншек ғалымдар жоқ емес, исламдық құндылықтарды бойына терең жинаған, асыл іліммен сусындаған талантты жастар өсіп келе жатыр. Араб тілін, ислам құндылығын меңгерген жастар баршылық. Осы тұрғыдан алғанда, болашақта абайтанушылардың жаңа табыстарға кенелетініне сенім бар. Ірі ғалымдар да неге шықпасын?! Керісінше, ондай азаматтар біз білетін Абайды басқа, жаңа қырынан танытып, оның жазып кеткен, бізге жеткен мұраларын жарқыратып алып шығады және оның халқымызға пайдасы да жыл сайын арта түседі деп ойлаймын. ▸▸

Омар ЖӘЛЕЛ,
абайтанушы:

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ



Алаш айнасы
e-mail: info@alashainasy.kz
№139 (591)
10.08.2011 жыл
сәрсенбі
www.alashainasy.kz

АБАЙ – ҰЛЫЛАР КӨЗІМЕН

Мұхтар ӘУЕЗОВ, *жазушы, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты:*

Абайды білмек парыз ойлы жасқа

...Абай он жасқа келгенде әкесі Семей қаласына әкеліп оқуға берген. Бұдан бұрын қырда да Абай біраз оқыған болады. Семейдегі алғашқы берген молдасы – Ғабдұлжаппар деген татар. Артынан бұдан шығарып, Ахмет Риза деген молдаға тапсырған. Абай Ахмет Ризада үш жыл оқиды. Өзі тұстас үлкен-кіші балалардың барлығынан сонағұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. ...



Абай оқуға кіргеннен соң тез есейіп, ілім қуған кісінің қалпына оңай түсіп кеткен. Өзінің әбден сүйіп, таңдап оқыған ірі ақындарының талай ғазелдерін ұзынан-ұзаққа жаттап жүрген. Бала күнінде жаттаған кей өлеңдері ұлғайып, кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған. Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытында Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы «Приходская школаға» түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ бас-аяғы үш аймен орысша оқуы мен мұсылманша оқуы да доғарылады. Әкесі оны ел билеу ісіне баули бастайды. Барлық балаларына қатал болған Құнанбай Абайдың өзгелерден артық екенін ертеден сезген. 13 жасында Абай әкесі берген бағытпен ел сөзіне кіріседі. Ең алғашқы жылдарында әкесінің «барып-келінде» жүреді. Кейде қасына кісі қосып беріп, кейде жалғыз өзіне сөз тапсырып, ұсақ істер туралы келісім жасауға да ерік береді.

...Бір күні ел ортасының үлкен жиынында Құнанбай көп ортасында сөйлеп отырған уақытта Абай әлденеше оқталып, бір нәрсе айтқысы келіп, киліге беріпті. Сонда Құнанбай «тек отыр!» деп тоқтатып тастайды. Жиыннан қайтып келе жатқанда, әкесі Абайды шақырып алып, көп алдында көлденеңдегені үшін наразылық айтады. Таласқан кінәсін Абай мойнына алады. Содан кейін Құнанбай: «Кәзі келген жерде айтпақ болып жүрген сөзім бар еді, соны айтайын: ең әуелі – жұрттың бәріне күліп сөйлейсің, жайдақ су сияқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісіге қадірің болмайды. Екінші – көрінгенмен жақын боласың, кісі талғамайтын желбегей жүрген кісінің басына ел үйірілмейді. Ел алатын қылық ол емес. Үшінші мінің – орыссшылсың», – депті.

Осыған Абай: «Қолында құралы бар бірен-саранға ғана тиетін шыңыраудағы судан да қойшы-қолаңшы, жалшы-жақыбайдың бәріне бірдей пайдасы тиетін жайдақ су артық деп білемін. Екінші сөзге – қазақ ескі бір заманда қой сияқты болған, бір қора қойды жалғыз қойшы «айт!» десе өргізіп, «шайт!» десе жусататын заман еді. Одан бері келе ел түйе сияқты болды. Бір шетіне тас тастап «шөк!» деп дыбыстаған уақытында аңырып тұрып барып, бетін бұратын болды. Енді біздің заманымызда ел жылқы тәрізді болды. Мұны ақ қар, көк мұзда қар төсеніп, мұз жастанып, етегін төсек, жеңін жастық қылуға шыдаған жылқышы ғана баға алады. Еңбек сіңірген адам ғана ие боп, басшы бола алады. Орысшылсың дегенге – оның қолында зор қуат, өнер, білім бар. Егер сол өнер-білімді үйренуден қашсақ, ол – надандық болар, жақсылық болмас. Мен өнер-білімі үшін орысшылмын», – депті.

Негізі, Абайдың үш әйелі болған. Олар: Ділда, Әйгерім, Еркежан. Ділдадан тараған балалары: Ақылбай, Әкімбай, Әбдірахман, Мағауия және екі қызы: Күлбадан, Райхан. Абайдың бәйбішесі – Ділда Жүсіпқызы, Алшынбай Тіленшіұлының ұрпағы. Абайдың Ділдаға үйленген кезі 1860 жылдар. Ділда жай сөйлейтін, өте сабырлы, түсі аққұба, қыр мұрынды, көзі үлкен, сұлу, өнді болған. Үйінде жұмыс істеп жүрген адамдарды ренжітпейтін, өте бауырмал болған. Екінші әйелі Әйгерімнен – Тұрағұл, Мекайыл, Ізкайыл, Кенже. Абай жеті ұл, үш қыз сүйген. Келіндей алған әйелі Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ.

Абай 1870 жылы Михаэлиспен танысады. Ал 1880 жылдары Долгополов, Леонтьев, Гросс секілді демократтармен танысып, орыс пен Батыс Еуропа мәдениетінің тарихын оқиды. Ол 40 жасынан бастап әдебиетке ден қояды. Алайда ел іші оны өз еркіне жібермей, еріксіз ру тартысының таласына кіріктіріп отырды. Оған әртүрлі жала жауып істі етті. Оны астыртын көрсетіп отырған бұзық рубасылары, сатымсақ болыстар еді. Ақын тіршілігінің ең ауыр қорытындысы 1897 жылдарда айқын көрініс тапқан. Ақын енді жылдан жыл өткен сайын өмірден қажып, шөге береді. Осы жылдарда өлімді де ойлай бастайды. Өзі кешірген ерекше дертті, өмірдің барлық қайғысын, өкінішін еске ала отырып, қазақ әдебиетінде мәңгілік ұмытылмайтын «Өлсем орным қара жерді» жазады.

Ақын өмірінің соңғы жылдарында көп өлең жазбай кетеді. 1903 жылдан бастап, біржолата өлең жазылмай қалады. 1903 жыл мен 1904 жылдың қысында Абайдың тірі қалған балаларының ішіндегі ең жақсы көретіні – Мағауия көптен әлсіреп жүрген құрт аурудан төсек тартып, жатып қалады. Мағауия әке ұғымынша да және өз ортасының бағалауынша да, Абайдың барлық баласының ең жақсысы, ең ірісі деп саналған. Бұл ақындығының үстіне ерекше мінезді кісі болған. Жасынан денсаулығы нашар болғандықтан, қаладан толық тәрбие ала алмаса да, әкесінің үнемі өз қасында ұстап, шын жақсылап тәрбиелеп шығардым деген баласы осы болатын. Елде отырып Еуропа тәрбиесін алған адамдардай ақыл, мінез адамшылығы түгелімен мәдениетті кісінің халінде болған. Бұ да әкесі сияқтанып, қырда отырып, көп оқып, өзінен-өзі қарастырумен көп білім алған адам еді. Ол жұмсақ мінезді болып, ел көпшілігіне аса сүйікті болған. Ол 1904 жылы жазғытұрым қайтыс болады.

Абайдың өзі өмірден қажып, талып, ендігі тіршілігін артық нәрседей санай бастаған еді. Өз сынынша, ажарсыз, мағынасыз өткен дәуірені жалғыздық дертімен құлазытып, жүдетіп, тоздыруға айналған. Соның барлығының үстіне Мағауия өлген соң, Абай бір алуан ауруға айналады. Төсек тартып жатпаса да, отырып ауырады. Ешкіммен сөйлеспейді де, еш нәрсемен өзін жұбатпайды. Ауруын ешкімге көрсетпейді. Сонымен, Мағауияның өлімінен кейін қырық күн отырып, 23 маусымда 1904 жылы алпыс жасында дүниеден озған. Оның сүйегі Жидебайдағы өз қыстауының жанына қойылады.

(Мақала ықшамдалып алынды)

ТАҒЫЛЫМ

«Болыс болдым, мінеки» немесе Абайдың билікке көзқарасы

Академик Салық Зимановтың пікірінше, замандастары Абай Құнанбайұлын елдің қамын ойлаған болыс, әділ би деп білді, алдына жүгінді, жақсылығын көрді, көсем тұтты. Тіпті оның жауларының өзі әділдік іздеп Абай бидің алдына барған. Тұрсын Жұртбай ағамыз мысалы еткендей, өз замандастары үшін Гете – сарай министрі, Омар Хайям – ғалым, Тютчев – елші, Салтыков – қазына бастығы ғана. Ауқатты, текті әулеттен шыққан ұлы Абай 14 жасынан бастап қараша халыққа әділ билік жүргізіп, қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрпын, үкім-кесімдерін жетік меңгерген дала биі, қабырғалы қайраткер болған еді.

Құбаш САҒИДОЛЛАҰЛЫ

БОЛЫС БОП ЕЛГЕ БОЛЫСҚАН...

1868 жылғы Ресей патшасы қол қойған «Жаңа низамнан» кейін болыс пен би қызметі патшалық Ресейдің мемлекеттік қызметіне кірмей, ең соңғы дәрежедегі қоғамдық билік болып қалды. Сайланған бидің шешімін әскери от кез келген уақытта бұза алады. Шамамен 10-12 ауылға билігін жүргізетін болыс қызметі сиязда бекітілген. Билерге тек азаматтық істермен ғана айналысуға пұрсат берілді. Егер іс көлемі белгілі бір сомадан асқан жағдайда оны шекаралық сот, мировой соттар қарады. Сөйтіп, «Жаңа низам» қазақ халқын өзін-өзі билей алмайтын бейшара күйге түсірді, бір қазақты «алты бақан, ала ауыз» етті. Абай өмір сүрген заман дәл осындай тұспа-тұс келген еді. Патшалық басқарудың зымиандық астарына, отарлық заңның сұрқиялығына көзі жеткен Абай: «Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып, қу тілмен құлық сауған заңы құрысын», – деп күйінеді. Қазақтың рухын, ділін, дәстүрін түбегейлі құртуға бағытталған аяр заңның астарын аңдаған Абай: «Қызмет қылма оязға, жанбай жатып сөнуге. Қалай сабыр қыларсың, жанбай жатып сөнуге?», – дейді. Абай Құнанбайұлы 18 жыл басқару ісіне араласқан. 12 жыл болыс, екі кезек би болды. Шын мәнінде, ояздық, болыстық билік Ресей оташылдығының құралы болса да, Абай қазақтың мүддесін, қарашаның теңдігін, әділдік пен туралықты үстем етті. Абай болыстыққа, билікке атадан қалған мал үшін, бақуатты әулеттің мүддесі үшін емес, есесі кеткен, теңдігінен айырылған қазақтың намысы үшін ұмырын арнады, «жалғыз мыңмен алысты». 1889 жылы жазған «Күлімбайға (Болыс болдым, мінеки...)» деген өлеңінде «Болыс болдым мінеки, Бар малымды шығындап. Түйеде – қом, атта – жал, Қалмады елге тығындап» деп болыс болған пенденің арсыздығы мен, ұлыққа жағымпаздығын, халыққа безбүйректігін бейнелеген. Болыстық мазасыз кезеңді «Болды да партия, Ел іші жарылды, Әуремін мен тыя, Дауың мен шарыңды. Ґұрбыдай ґош тұттым, Жасың мен кәрінді» деп жазды Абай ақын. Үшінші қара сөзінде: «...Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па?» – деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді...», – деген Абай әлгі болыстың халықтың қамын ойлайтындай шамасы болмайтынын қатты сынға алады. Абай заманындағы болыс мінезі бүгін де өзгерген жоқ. Қазіргі әкім-қаралардың тірлігі сол болыстарды еске түсіреді. Бүгінгі халықтан өзін бөлектейтін шен-шекпенділер үшін Абайдың саясаткерлігі, сот-биліктік қайраткерлігі, моральдық позициясы үлгі-өнеге болуы тиіс-ті. Болыстық бассыздыққа қарсы күрескен Абайдың ойынша, ел басқаратын адам мансабына лайық, білімді қайраткер болуы керек. Абай атамыз 37-ші қара сөзінде: «Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады», – дейді. Парамен, таныстықпен келген билік қасиетсіз. Абай 28-ші қара сөзінде «сатып алған, жалынып, бас ұрып алған биліктің ешбір қасиеті жоқ» деген.

ҚАРА СӨЗДЕРДЕГІ САЯСИ КӨЗҚАРАС САРЫНЫ

Саяси жүйеге қатысты Абай либералдық көзқарасты ұстанды. Әрине, Ғарифолла Есім ағамыз жазғандай, өз заманының көсемі болған Абай Ресейдегі озық ойлы, ағартушылар сияқты патша билігіне ашық қарсы шығып, халықты көтеріліске шақырған жоқ. Ол орыс оташылдығы мен орыс ғылымын, мәдениетін екі бөлек қарастырды. Бәлкім, орыстың ғылым-білімінен үлгі алуға шақырған Абай қазақ орыстың отты қаруына орыстан алған біліммен қарсы тұра алады деген ойға келсе керек. Сол себепті ол империямен төңкерістік жолмен емес, ағартушылық жолмен күресуді құп көрді. Осы ойды Абай атамыздың 41-ші қара сөзінен байқаймыз. «Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі нәрсе керек. Әуелі бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салу керек, дүниеде көп есепсіз ғылымның жолдары бар... Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек. Аталарын паралап, балаларын алып, бастапқы айтқандай жолға салып, тағылым берсе, сонда түзелер еді», – дейді.

Абай 8-ші қара сөзінде: «Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды? Біреу – болыс, біреу – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді...», – деген ақыл-кеңес айтады. Дана Абай әділ заңның үстемдігін аңсады, қоғамды, адамды түзеуге болатынына сендіреді. Мұны 37-ші қара сөзінде: «Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – деген пікірінен аңғарар едік.

АБАЙ БИДІҢ БИЛІКТЕРІ

«Келелі кеңес жоғалып, ел сыбырды қолға алып», төбе бидің орнын көде билер басқан заманда Абай болыс, би бола жүріп, отарлық әкімшілік-құқықтық реформаларды қазақтың ділі мен дәстүріне ыңғайлай білді. 1885 жылы мамыр айында Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде Семейдің генерал-губернаторы Цеклинцкийдің басқаруымен Семей губерниясына қарайтын бес уездің 100-ден астам би-болыстары бас қосқан төтенше съезі өтті. Осы съезде төбе би болып сайланған Абайға «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» әзірлеу тапсырылды. Абай бастаған комиссия үш күн, үш түнде патша өкіметінің халықты қанауға, зорлық-зомбылыққа негізделген заңына ұқсамайтын, барлығы 93 баптан тұратын «Қарамола» ережесін жасап шықты. Бұл ереже қазақ ішіндегі мәселелерді реттей алды. Жалпы қазақта Қарамола ережесі секілді 40-50-ге жуық ереже қолданылған. Бірақ ішіндегі ең көлемдісі, ең мазмұндысы Қарамола ережесі болған. Заң ғылымының кандидаты Қазыбек Дауталиевтің пікірінше, өз заманында Абай 70 шақты билік айтқан және оның үкім-кесімдері кейінгіге жол болған. Бұл – бізге белгілісі ғана. Абай шешкен ең атышулы даулар ел аузында қалған.

Қазыбек ДАУТАЛИЕВ, *заң ғылымының кандидаты:*

– Абайдың билік айту дәстүріндегі бірнеше ерекшелікті бөлік айтар едік. Біріншіден, Абай өз биліктерінде өз табиғатына сай әйел теңдігіне ерекше көңіл бөлген. Бұл жерде мынаны түсіну керек, әйел теңдігі дегенде Абай ер мен әйелдің бірдей теңдігі емес, әйелге лайықты табиғи теңдікті қарастырған. Мәселен, бір мәрте қалың малы төленген әйел екінші рет сатылмауы керек. «Бір сатылды, екі сатылмақ жоқ» дейді Абай. Әмеңгерлікке күштеп қосуға тыйым салған. Екіншіден, Абай сол заманда өршіп кеткен ұрлық-қарлықты тыюға тырысқан. «Шынын айтқан шығынсыз құтылады» деген Абайдың билігі бар. Жоқтықтан, амалсыздықтан ұрлыққа баратын ұрылар, байлардың қолшоқпары болған ұрылар деген екі түрлі ұрылардың барын білетін Абай оларға әр-қалай жаза кескен. Абай жоқтықтан ұрлық жасағандарға кешіріммен қарап, жеңіл жаза белгілеген, тіпті өз малын, інісі Оспанның малын ұрлағандарды «енді ұрлығыңды тый, ел қатарына қосыл» деп алдына мал салып берген. Абай бай-манаптың ұрыларына қатаң жаза қолданған. Жалпы қазақта мал ұрлығына қатты жаза беретінін ескерсек, Абай дәстүрлі үкім-кесімге өзгеріс енгізген. Үшіншіден, Абай ауқатты әулеттің өкілі бола тұра, әлсіздің, кедей-кепшіктердің, жоқ-жітіктердің, жатақтардың соттарына өзі сұраныпбарып, олардың қорғап отырған. Бұл – Абайдың сот-құқықтық қызметінің бір ерекшелігі. Әлемдік сот тәжірибесінде формальды теңдік және формальды теңсіздік деген ұғым бар. Мысалы, белгілі бір дауда миллионер мен кедейдің мәселесі қаралады дейік. Миллионердікі заңды, кедейдікі заңсыз, бұл жерде миллионердің ештеңесі кетпейді, ал кедейдің бүкіл тағдыры қыл үстінде тұрады. Осындай жайттарды шешуде басқаша бір тәсілдер қарау керек. Осындай өзгеше билік айту дәстүрін Абайдан табамыз.

САУАЛНАМА

Сіздің танымыңыздағы Абай қандай?

Абайдың өлеңдері, қара сөздері, философиялық ойлары – бүгінгі ұрпағына таусылмас қазына. Сондықтан Абай атамыздың өлеңінен нәр алып, қара сөздерінен ой түйіп, философиялық пікірлерімен санаспайтын қазақ кемде-кем. Абай ақын, философ қана емес, ұлы ойшыл болғанының да айғағы – ол қалам тербеп, ой айтпаған дүние жоқ. Ел басқару, демография, дүние-мүлік, мал-жан, дін тіпті заң да жазған. Әйтсе де бүгінгі күні Абайдың діни көзқарасын, дүниетанымын бұра тартып, өз ұстанымдарына пайдаланушылардың қатары аз емес. Осы орайда «Сіздің танымыңыздағы Абай қандай?» деген сауалды әр сала өкілдеріне ұсынып көрген едік...

Мақаш ТӘТІМОВ, *демограф:*

Мен Абайды өзіме жолбастаушыдай санаймын. Ең алғаш студент кезімде демография саласын қолға алып, зерттей бастаған кезімде Абай атамыз түсіме кірді. Қасында Шәкәрім мен Мұхтар Әуезов те болды. Абай атамыздың түсіме кіруін мен сол уақытта маған берілген аяндай қабылдадым. Сол уақыттары қазақ даласын жайлаған талай нәубет, аштықтан аман қалған қазақты түгендеуді міндетім санадым. Түсімде үлкен селдің ортасында Абай, Мұхтар, Шәкәрім ақ шапандарымен тұр екен. Олар сол селді тоқтатқысы келіп, әуреге түсіп жүр екен. Түрлері үрейге толы. Біраздан соң селмен бірге олар да ғайып болып, орнын қалың көк, шөп басты. Сол уақытта мен қазақты ұйысқан ұлт ретінде көргісі келген бабаларымыз мені желеп жүр екен. Селдей аққан қиыншылықтар да өтіп, халқымыздың саны өсіп көбейеді екенбіз деп жорыдым. Демографиямен дендеп айналыса бастадым. Абайдың түсімде, осылайша, жол сілтеуі бүкіл өмірімі бағыт-бағдар бергендей болды.

Құлбек ЕРГӨБЕК, *филология ғылымының докторы, профессор:*

Менің танымымдағы Абай – ұлылардың ұлысы. Ол – көне дінді, көне қытай, орта ғасырдың араб философиясындағы адами имандылық, гуманистік идеяларын қазақ даласына әкелген тұлға. Мүмкін, бұған Фарабидің де ықпалы тиген болуы керек. Менің танымымдағы Абай – мәңгілік Абай. Біз оның қадірін жете түсінген жоқпыз. Тірі кезінде сабадық, өлі кезінде жауластық. 20-30 жылдары Абайдың тұқымдарын жер аударды. Мәселен, Абайдың ұлы Тұрағұлдың сүйегі Шымкентте бір зауыттың астында жатыр. Абайдың ұл ұрпақтарынан ешкім қалған жоқ. Қыздан шөбере-шөпшек болуы мүмкін. Абайдың тікелей ұрпақтарын жойып жібергеніміз үшін оның рухынан кешірім сұрау ешбір қазақтың ойына келетін емес. Оңтүстік Қазақстан – рушылдық пиғыл танытып, бір ескерткіш қойған адамға 90 ескерткіш қоюмен әуре. Шымкент қаласының ортасынан Құнанбаев Тұрағұл Абайұлына неге ескерткіш орнатпаймыз? Сонда бұл біздің Абай рухынан сұраған кешіріміміз болар еді. Менің танымымдағы Абай – менің баламның баласының, баласының құрдасы, сырласы, рухани қорегін беруші ұлы тұлға. Яғни ол ұрпақпен бірге мәңгі-бақи жасай беретін болады. Қазіргі абайтанушылар Абайды дұрыс танымай жүр. М.Әуезов біраз жерге алып барды, бірақ заманадан қорқып, қате трактовка жасаған жерлері көп. Ал кейінгі абайтанушылар М.Әуезовтен аса алмай, соны қайталаумен, шиырлаумен келе жатыр. Абайға жаңаша таным керек, ол үшін қазақ рухани дүниетанымының жаңа биігіне көтерілуі тиіс.

Қалдыбек СӘБДЕНОВ, *ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор:*

Абайдай дана ақын жоқ. Бұл – талассыз дүние. Әйтсе де маған ол философиялық ойларымен ерекше жақын. Бүгінгі күні де орын алып жатқан кейбір дуниелерді Абай осыдан 100 жыл бұрын айтып кеткен. Сондықтан Абайдан үйреніп, оның ойына сүйенуден қашпау керек. Былтыр жұбайым қайтыс болғанда қатты қайғырдым. Сонда өзіме Абайдың сөзімен тоқтау айтып, есімді жидым. Сол секілді дана Абайдан жұбату, қолдау күтетін кездерім аз емес.

Дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ

ӘБІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Абайға қатысты тарихи жерлер қайда?

Абай туралы толық мәлімет алғым келеді. Оның туып-өскен ортасы, мекені, мұражайы мен зираты, жақындарына қатысты тарихи орындарды аралау үшін қайда барсам болады?

Салауат САҒЫМБЕК, *Маңғыстау*

Абайдың мұражайлары – Семей қаласы мен Жидебайда. Орталық Семейдегі Абайдың қорық-мұражайы арқылы басқарылады. Қорық-мұражай құрамына кіретіндер:

Семей: бас мұражай, Ахмет Риза мешіт-медресесі, «Алаш арыстары - М.Әуезов» мұражайы;

Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы: М.Әуезовтің мұражай-үйі (Бөрілі), Абайдың мұражай-үйі (Жидебай), «Абай-Шәкәрім» мавзолей кешені, 16 мемориалдық ескерткіш кіретін 6400 гектарлық қорық алқабы (Жидебай), Шәкәрімнің «Саят қорасы» экспозициясы (Жидебай), Көкбай Жанатайұлы мешіт-медресесінің экспозициясы (Тақыр), Шәкір Әбенұлының мұражай-үйі (Құндызды).

Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы: Әсет Найманбайұлының әдеби-мемориалдық мұражайы (Мақаншы).

Қорық құрамына кіретін тарихи орындар: Абайдың мұражай-үйі, «Абай – Шәкәрім» мавзолей кешені, Еркежан зираты, Зере – Ұлжан - Құдайберді зират қорғаны, Зұлғарыш қыстауы – Ақ баз, Кенгірбай мазары, Құнанбай құдығы, Махмұт қорасы, Мұсақұл төбесі, «Орыс қорасы», Оспан көлі, Оспан құдығы, Ырыздықбай қорасы, Шәкәрімнің «Саят қорасы» экспозициясы, Шәукенбай – Ғабитқан зират қорғаны.

Абай мұражайы әуелде қайда ашылған?

Абай мұражайының Семей мен Жидебайда екенін білемін. Мұражай әуелде қайда ашылған?

Серік АМАНДЫҚҰЛЫ, *Кереку*

Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы ақынның 95 жылдық мерейтойы қарсаңында, 1940 жылы Қазақ ССР Халық Комиссарлар кеңесінің 1 сәуірдегі №347 қаулысы негізінде ашылды. 1990 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойына орай ақын мұражайы Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы болып қайта құрылды. Мұражайдың негізін Абайдың 1885 жылы өлкетану мұражайына тапсырған заттары құрайды. Абай мұражайы ашылуына байланысты заттардың бірқатары ақын мұражайына тапсырылды. Мұражай алғашқы жылдары Бекбай Байысовтың (Жамақаев көшесі, 83-үй), Әнияр Молдабаевтың үйлерінде (Бөгенбай батыр көшесі, 132-үй) орналасқан. Бұл үйлерге ақын 1875-1904 жылдары Семей қаласына келгенде түсіп жүрген. 1967 жылы мұражай көпес Роман Ершовтың үйіне (Ленин көшесі, 12-үй) көшірілген.

Алаш айнасы
e-mail: info@alashainasy.kz
№139 (591)
10.08.2011 жыл
сәрсенбі
www.alashainasy.kz



- *Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың.*
- *Ер артық сұраса да, азға разы болады. Ез аз сұрар, артылтып берсең де, разы болмас.*
- *Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың.*
- *Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, Пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

ОЙ-КӨКПАР

Басы 1-бетте

Абайтану институтын аша алмай отырған қазақтан абайтанушы ірі ғалымдар шықпай қалу қаупі бар ма?

Мекемтас МЫРЗАХМЕТ,
абайтанушы

Өйткені абайтанушы ірі ғалымдар шықпай қалу қаупі бар. Сонымен қатар абайтану дүниесінде біз ең алдымен бұрынғы кеңестік дәуірде Абай аясына, Абай дүниетанымына берілген біржақты бағаларды тұтастай өзгертуіміз керек. Бұл – оңай шаруа емес, үлкен міндет. Өйткені халықтың санасында әлі де болса Абайға материалистік-атеистік тұрғыдан берілген бағалаулар тұр. Мұны толық қайта қарап шығу керек. Өйткені мұнда шығыс туралы, қазақ әдебиеті туралы мүлдем ауыз ашылмаған жайттар баршылық. Абайдың тек орыс әдебиеті мен батыстың үлгісінде қалыптасқаны паш етіледі де, қазіргі заманымыз мұны көтермейді. Ғылым осыған бару керек. Ал оған бару үшін жас философтар керек. Ол өкінішке қарай жоқ.

Бұдан бөлек, Абай: «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла» дейді. Осындағы «Абайдың жұмбағы» не? Жұрт әртүрлі ой түйеді. Меніңше, ондағы жұмбақ – Абайдың толық адам ілімінде жатыр. Сол толық адам ілімін біз қазір оқулық жасап, студенттерге шама келгенше оқытып жатырмыз. Түбінде осы мәселе қазақты батыстан келген теріс мінездерден құтқара алатын басты рухани құралға айналмақ. Бұдан басқа құрал жоқ, іздеп таппайсыз. Батыстың өзі ғасырлардан бері қалыптасқан теріс мінезден құтыла алмай, одан шығаратын ілім таба алмай отыр. Сондықтан да біз батыстан рухани ештеңе ала алмаймыз. Түбінде батыс өзіне қажетті рухани ілімді бізден алуы әбден мүмкін. Ендеше, мұндай қайнар ілімге жастарды тарта түскен абзал. Бұл жағымыз кемшін.

Мәселенің екінші қырына тоқталатын болсақ, біз әлі де жүйелі жұмыстар атқара алмай жатырмыз. Осы уақытқа дейін пісіп жетілген дүние болса да, Абай институты әлі күнге ашылған жоқ. Әлемдегі әрбір ұлт өзінің бетке ұстарын өздері зерттеп, оны терең танып, біліп жатыр, сосын дүние елдері арасында соны дәріптеуге көшті. Қазақтың осы тұсы осал. Өйткені Абайды әлем елдеріне таныту арқылы біз қазақтық асыл қасиетті де әлемге тарата алатын едік. Осы тұрғыдан алғанда, біз Абайды керек кезде ғана іздеп жаман үйренген тәріздіміз. Жоспарлы, дәйекті жұмыс жоқ. Сондықтан да, менің пайымымша, абайтану мемлекеттік стратегияның құрамдас бөлігі болуы шарт. Өйткені Абайды тану – қазақты тану. Сол себепті де болашақта абайтануға баратын ғалымдарды жоғалтсақ, біз әлем алдында қазақ жұрты екенімізді де жоғалта бастаймыз деген сөз. Ендеше, осы бағыттағы ғылыми жұмыс өлмеуі шарт, өлмейді де.

Дей тұрғанымен, абайтануға барып жатқан жас ғалымдарды көру қиынға соғып тұр. Сондықтан да абайтануға салғырт қарай беретін болсақ, мемлекеттік деңгейде көңіл бөлінбесе, Абайға өзіміздің халқымыздың бет-бейнесі ретінде қарай алмасақ, онда болашақ ғалымдар жайында айтудың өзі орынсыз болар еді.

Омар ЖӘЛЕЛ,
абайтанушы

Сол үшін «болашақта абайтанушы ірі ғалымдар шықпай қалуы мүмкін» деп айта алмаймын. Олай болуы мүмкін еместей көрінеді. Дегенмен «қауіп жоқ» деп айтқаннан гөрі «қауіп бар» дегеннің абзалырақ болатыны бесенеден белгілі. Абайды зерттеу барысында осыған мән берген орынды. Бұдан да көп, бұдан да жеткілікті жұмыстар атқарып, мемлекеттік деңгейде Абайды зерттеу қолға алынса, Абай институты түзілсе, бұл еліміздің басты идеологиясына, басты саясатына айналса игі. Шын мәнінде, біздің болашағымыз Абайда тұр. Абайсыз қазақта болашақ жоқ. Бұған ешкімнің дауы болмас.

Дайындаған Қанат ҚАЗЫ

ТҮЙІН

Алмахан МҰХАМЕДҚАЛИҚЫЗЫ, *Қазақстан-Ресей университетіндегі «Абайтану» орталығының жетекшісі, абайтанушы:*

– Астанаға алғаш келгенде, Абайды іздедім. Таба алмадым. Көңілім соған қобалжыды. Әрине, елорда – жас қала. Бірақ көңілімдегі Абайды таба алмаған соң, Абайтану орталығын ашуды құп көрдім. Алайда Астанадағы абайтанудың жалғыз орталығына ешкім бас сұққан емес. Бұл орталыққа жазарман, қаламгер, оқырман қауым тарапынан ешқандай да қызығушылық көрген емеспін. Осы тұрғыдан алғанда қауіп бар. Дегенмен қауіптің бар екендігін кесіп айтуға тағы болмайды. Өйткені мектептер арасындағы, жоғары оқу орындарындағы бағытбағдарламалар бойынша екшесек, «Абайтанудың келешегі туралы жауап ала алмай қаламыз» деп айта алмас едім. Тіпті кейбір жағдайда абайтанудағы құлшыныс үшін риза болып жатамыз. Сондықтан да үміт бар, талантты жастар да жетерлік. Ынталандыру кемшін секілді болғанымен, көптеген оқу орындарына барып абайтануға қатысты бастамашылық жасасаңыз, ол жақтан үлкен қолдау таба аласыз. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ ғалымдардан кенде болмайтынымыз да айқын. Әйтсе де жүйелі шаралар керек-ақ.

АБАЙ – ҰЛЫЛАР КӨЗІМЕН

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ,
қазақтың тұңғыш әдебиет теоретигі, ақын:

Қазақтың бас ақыны

...Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі – жалғыз өлең емес. Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы – әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз. Абай сөзінен Әубәкірдің «шайды, кебісті әркім тұтынып кеткені асылды қорлау болды» деп қайырған сөздер табылмайды. Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген. Мысалы, «Аттың сыны» деген өлеңін оқығанда көз алдыңда сол жақсы аттың өзі тұрғандай, пішіні келіп елестейтіні – жақсы атқа бітетін мүшелердің бірін қалдырмай жазғандықтан. Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар» деп тайсақтап, тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Еуропа білім иелерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Әлихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Льюс, Дрепер деген Европаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған. Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар. Тіпті осының мағынасы не деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, ол пікірді сөзбен келістіріп айтуында еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік – оқушыда.

...Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек. Абайдың сөздері 1909 жылы кітап болып басылып шықты. Бірақ жұртқа таралмай жатыр. Басылған кітап Ақмола, Семей болысынан басқа болыстарға таралмай жатқаны кісі таңғаларлық іс. Абайдың сөзін Семей лапкесіне қамап, жасырып қоймай, күллі қазақ баласы бар уәлаяттардағы кітап сатушылардың бәрінің де магазиндерінде жүргізу керек еді. Абайды қолымыздан келген қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз.

«Қазақ», 1913, №43
(Мақала ықшамдалып алынды)

РУХ

Абайдың айналасы – ақындық мектеп қана емес, қайраткерліктің, ұлтшылдықтың ұлы өнегесі

Басы 1-бетте

Мұхтар Әуезовше айтқанда, А. Байтұрсынұлының «Маса» атты бұл еңбегі «қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны болды». Жинақ 1911 жылы басылып шығып, бүкіл қазақ даласында қолдан-қолға таралды. Ендеше, дәл осы «Маса тұсында» өмір сүрген Абай шәкірттері де Алаш партиясының көсемдері тарапынан айтылған елшілдік ұранын өздеріне барынша жақын жүрекпен қабылдап, ұлт қайраткерлерінің сын сағаттағы әрекеттеріне жан-жақты қолдау білдірді. Абай қайтыс болғаннан кейін оның ағартушылық мұрасын дәріптеген ақын шәкірттері сол кезеңдегі қазақтың кең даласындағы зиялы топпен рухани байланысты аңсағаны заңдылық. Осы ретте ақынның тұңғыш өлеңдерін Әлихан Бөкейханның ыждаһаттықпен басып шығаруға жәрдем бергені Абай шәкірттерінің ортасында жоғары бағаланатыны да заңдылық. Сонымен бірге, Абай шәкірттері де сол кезеңдерде шығып тұрған «Қазақ» газетіне шын арқа сүйеп, газетті, оның ұйымдастырушы, шығарушы азаматтарын қазақ халқының нағыз қамқоршысы ретінде түсінді.

Шындығында, Абай шәкірттері мен XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларын байланыстырып тұрған сабақтастықтың бір ұшы ақынның даналығын мойындап, оның ұлы құдіретіне табынуға келіп тіреледі. Өйткені Абай өмірден өткеннен кейін оның атын алғаш баспа жүзіне көтеріп, дала оқушыларына ғана емес, орыс зиялыларына да кеңінен таныстырғандар да осы Алаш зиялылары болатын. Нақтыласақ, Әлихан Бөкейхан Абайдың атын оның көзі тірісінде-ақ (1903 жылы) қазақтың мәдениеті мен салты жайында ғылыми-экспедиция бойынша жазған жазбаларында орыс оқымыстыларына таныстырады. Кейіннен «Семипалатинский листок» газетіне Абай туралы қазанама жазып, жақын арада ақын өлеңдерінің жинағы басылып шығатынын жариялайды. Бұл жинаққа сол уақыттарда Әлиханмен жолдастығы жарасып қалған Тұрағұл Абайұлы мен Кәкітай Ысқақұлы көп көмек бергені мәлім. Бірақ сол газет хабарламасы шыққаннан ұзамай жатып-ақ Әлихан Павлодар түрмесіне қамалып, баспаға дайын тұрған Абай өлеңдері басылмай қалғаны белгілі. Осындай зобалаң заман, сұм саясаттың кесірінен Абайдың тұңғыш кітабы тек кейінірек 1909 жылы ғана жарыққа шығады. Бұл жөнінде Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетіндегі мақаласында «1909 жылы Абайдың балалары мен інілерінің ризалығы һәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургте Бураганский баспаханасында басылып шықты» деп жазады. Мінеки, ғасыр басындағы көзі ашық зиялы топтың осылайша бір-бірімен алыстан түсінісуі арқасында олардың ынтымақтастығы Алаш партиясы дүниеге келген, яғни Сұлтанмахмұтша айтқанда, «Алаш тұсында» да одан сайын беки түсті. Абай мектебінің шәкірттері Көкбай, Баймағамбет, Иманбазар, Шәкәрім, Тұрағұл, Кәкітай секілді басқа да кесек тұлғалар Алаш партиясының құрылуына жан-жақты қолдау білдіріп, ұлттық бірігуге барынша құшақтарын ашты. Тіпті Абай шәкірттері 1917 жылдары Алаш партиясына қарсы құрылған «Үш жүз» атты партияның ұстанған қателіктерін бетіне басып, баспасөз арқылы «Қазақтан шыққан арамзалар» деген атпен жұртшылыққа арналған үндеулерін жариялайды. «Сарыарқа» газетінде басылған бұл мақалада: «Біз, Алаш партиясының соңынан еремізі, анық көшбасшымыз сонда!» деп Үндеу соңына қолдарын қойған азаматтардың ішінде Абай шәкірттері, атап айтқанда Иманбазар Қазанғапұлы, Көкбай Жанатайұлы, Дінислам Тәңірберді немересі, өздерін Алаш партиясының қолдаушысы ғана емес, қорғаушысы ретінде де көрсетеді. Ал Абайдан кейінгі оның өнегесін жалғастырушы ұлт қайраткері Шәкәрім Құдайбердіұлының Алаш партиясы қатарындағы айрықша орны бар тұлға екендігі мәлім. Шәкәрім Орынборда өткізілген Екінші жалпықазақ съезіне арнайы шақырылады. Шәкәрім осы жолы құрылған Алашорданың қазысы, яғни төбе биі болды.

С.Айтбаев. «Абай». 1994 жыл

Алаш партиясы құрылғанда оның Семей облыстық комитетінің мүшесі болған белсенділердің бірі – Тұрағұл Абайұлы. Тұрағұл алғаш Абай жинағы жарыққа шыққаннан бастап Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлымен бір тілекте болды. Бірақ кейіннен билікке келген кеңес өкіметі Алаштың белсенді мүшесі ретінде Тұрағұлдың басына да қара бұлт боп үйірілді. Алаш қайраткерлерінің рухани көсемі болғандықтан да, Абай өнегесі қызылдар тарапынан барынша мансұқталып, Абайдың ұрпағы, шәкірттері жаппай құдалауға ұшырағаны белгілі. Алашорданы біржолата халықтан шеттету мақсатында олардың рухани ұстазы – Абайды қаралауға бағытталған мақалалар баспасөзде етек алып, соңы айтыс-тартысқа ұласады. Әпербақандық пен жалған айыптаушылықтың салдарынан Абайдың даналық мектебінің ізбасарлары түгелдей қуғынға ұшырады. Абайдан кейінгі ұстаз саналған Шәкәрім қарттық өмірінің ақырғы кезеңдерін қайғы-қасіретпен өткізіп, 1931 жылы қазанның 2-сінде 73 жасында қызылдың қандықол жендеттерінің қолынан қаза тапты. Абай баласы Тұрағұл да Әлихандардың қатарында түрмеге жабылады. Түрмеден босап шыққаннан кейін бай тұқымы ретінде кәмпескеленіп, Шымкентке жер аударылады. Тұрағұлдың жақын туыстары Семейде тобықты елінің бас көтерер 70-ке жуық адамымен бірге қызылдар қолынан атылып, өзі 59 жасында науқастанып, Шымкентте қайтыс болады. Сүйегі қаладағы мұсылмандар қабіріне жерленгенімен, кейіннен сол зираттың үстіне Шымкент химзауыты салынып, Тұрағұлдың сүйегі соның астында қалып кеткенге ұқсайды. Жалпы, Абайдың ақындық дәстүрін ілгері жалғастырушылардың ұлт қызметіндегі ерен еңбектері әлі де толық зерттеліп, мұнымен жұртшылық кеңінен танысқан жоқ. Біздің ойымызша, Абай туған өлкеде, оның көзі ашық шәкірттері топтасқан ортада Алаш ордасының туы тігіліп, Алаш қаласы ретінде шоғырлануы да жайдан-жай емес. Өйткені алмағайып заманда ұлт зиялыларын алғашқылардың бірі болып қолдаған топ осы Абай шәкірттері еді. Сондықтан да Алаш партиясына атсалысқан Абай шәкірттерінің қайраткерлік еңбектері түбегейлі зерттеуді қажет етеді. Абай мектебі – тек ақындық мектеп қана емес, даналықтың, ұлтшылдықтың ұлы өнегесі. Абай шәкірттері мен ұрпақтарының басына бұлт үйіріліп, бағы таюы да өз халқының басына түскен ауыр күн, зұлматтармен астарлас. Түйіндей айтсақ, Абай мектебінің зерттеушісі атанған Қайым Мұхамедхановтың ақын шәкірттерінің мұрасын зерттеудегі еңбегі орасан зор. Дегенмен де Абай шәкірттерінің қайраткерлік ісін зерделеу кемшін. Ел боламыз десек, елшілдік жолындағы ұлт зиялылары қалдырған рухани мұра толық игерілуі керек. Алаш зиялылары ту еткен ұлттық идея биігінен көріну – қазақ зиялысының ғана емес, бүгінгі әм келер ұрпақ алдында тұрған басты міндет.

АЛАШТЫ АЛАҢДАТҚАН САУАЛ

Абайтануды жеке пән ретінде мектеп бағдарламасына енгізуге не кедергі?

Серік НЕГИМОВ,
профессор, абайтанушы-ғалым:

– Меніңше, абайтану пәнін мектеп бағдарламасына енгізуге ешбір кедергі жоқ. Бар мәселе – ықыласта. Себебі ықыласты ұстаз, ынталы мұғалім Абайды оқуы керек, Абайды білуі міндет. Осыдан кейін мектеп оқушыларын Абай іліміне кеңінен тарту қажет. Ондай мамандар бар. Абайды сүйетін, Абайдың қазақтың беткеұстар ұлттық тұлғасы екендігін түсінетін, «Абай мұрасы – бүгінгі өмірдің айнасы» деп білетін ұстаз ғана өз шәкірттері үшін Абай әлемін аша алады. Бұл күнде Абайға елдің және барлық ғалам қауымдастығының ықыласы артуда. Себебі ол – бір кездегі адамзаттың ойшылдары – Аристотель, Сократ, Платондардың рухын бойына сіңіріп, Пушкинді, Лермонтовты, Гетені қазақ тілінде шырқатып, бүкіл адамзаттың мәдени-рухани қазынасын мүлтіксіз меңгерген тұлға. Сондықтан да қазіргі кезде абайтану мәселесіне басқа халықтар да ерекше мән беріп келеді. Бірақ мектеп деңгейінде бұл жұмыс баяу жүргізілуде. Біздің Тәуелсіздігіміздің іргетасын бекіту үшін, рухани құндылықтарымызды тереңдету үшін, жас қазақстандықтарды тұлға ретінде қалыптастыру үшін республиканың барлық мектептерінде Абайтану пәні міндетті түрде оқытылуы қажет. Бұл пәнді барлық жоғары оқу орындарына енгізу керек.

Зульфия ЧЕНЫБАЕВА,
Астана қаласындағы №4 мектеп-гимназиясының әдебиет пәнінің мұғалімі:

– Негізі, бүгінде біздің мектептерімізде абайтану пәнін оқытуға қажетті нақты бағдарлама жоқ. Ендеше абайтануды мектеп бағдарламасына енгізуге басты кедергі осы деп білемін. Әрине, қазіргі кезде бұл пәнді оқытудың жекелеген ұстаздар ықыласымен жүзеге асқан бағдарламалары бар. Мәселен, бұл ретте біздің Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясының ұстазы Шапиға Атығаева жасаған бағдарламаны атауға да болады. Бұдан бөлек, Астанадағы №8 мектептің мұғалімі Шолпан Әбеуова абайтану пәнін оқыту бағдарламасын әзірлеген болатын. Бірақ 1-сыныптан бастап, 11-сыныпқа дейін абайтану пәнін оқыту жөніндегі нақты бірізді бағдарлама әлі күнге дейін әзірленген емес. Сондықтан да бүгінде Білім және ғылым министрлігі бұл мәселеге ерекше ден қойып, абайтану пәнін оқытудың арнайы бағдарламасын қабылдауы қажет деп ойлаймын.

Жанат ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ,
Еуразия ұлттық университетінің профессоры:

– Менің ойымша, барлық қазақ мектептерінде, ең бірінші, Абайтану пәнін оқытудың бастапқы деңгейі болуы қажет. Мектепте Абайдың қарасөздері мен өлеңдерінің мәтіндерін оқытудан бастау керек деп ойлаймын. Оқушы Абайдың қарасөздері мен өлеңдерін толық меңгеріп шығуы тиіс. Ал жоғары оқу орнында ол Абай мұрасын тереңдетіп оқиды. Негізі, Абайды танып-білуде мектептің орны зор. Мектеп оқушыларын университеттегі сияқты гуманитарлық, жаратылыстану немесе қолданбалы мамандықтарға бөліп оқытпайды. Сондықтан тек мектеп қабырғасында ғана абайтануды барлық жағынан қамтуға болады. Меніңше, абайтануды мемлекеттік білім беру стандарттарына енгізіп, 10-11 сыныптарға аптасына бір рет оқытудың ешбір артықшылығы жоқ. Оған қандай да бір кедергі болады деп ойламаймын. Ол үшін мұғалімдер қауымдастығы тарапынан Білім және ғылым министрлігіне ұсыныс жасалса, мектеп бағдарламасына абайтануды жеке пән ретінде енгізуге әбден болады.

Әзірлеген Арман БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ



Алаш айнасы
e-mail: info@alashainasy.kz

№139 (591)
10.08.2011 жыл
сәрсенбі
www.alashainasy.kz

КӨЗКӨРГЕН

Көкбай ЖАНАТАЙҰЛЫ, *Абайдың шәкірті, досы:*

Абай шын мағынасындағы мұсылман еді

...Өзі біреуге ұзақ әңгіме, ұзақ жыр сияқты нәрселерді айтқызғанда еш уақытта басқа бөтен нәрселерге аумай, таза көңілмен, үлкен ықыласпен тыңдайтын және әрқашан сондайды тыңдап болған соң, мағынасы мен мәнін ұғындырып, сын айтатын. ...Абай ақындық туралы сөйлегенде: «Ол – қуат, табиғат сыйы, Құдай сыйы», – деп құрметпен сөйлейтін. «Ақындық шабыты шын келгенде адамды қайта тудырып жібереді. Ол келгенде жай, жабайы адам болмайды», – дейтін.



Өтірік айтпай, шынын айтатын болса, мал ұрлайтын ұры болса да сүюші еді. Ұрыдан алатын парасы – шынын айтқаны. Абай шындыққа, дұрыстыққа құмарлығы жолындағы елден ерекше мінезінің барлығын билікте анық көрсетіп жүрді. Билікке келгенде Абайдай әділ, таза, дұрыстығы күшті биді тобықты іші бұрынды-соңды заманның қайсысында болса да көрген жоқ деп айта аламын. Билікте әділдікпен қатар, осымен егіз сияқты бір мінезі: Абайдың ерекше мырзалығы, жомарттығы, дүниеқор еместігі болатын. Жақын маңайдағы елде өз атағын есіткен атышулы жүйрік ат, қыран құс, алғыр ит сияқты сауық аспаптары болса, Абай қалап та алады. Қызықканы кедейдікі болса, сатып та алады. Бір жазда бес түйе беріп, бір бәйге ат алып, бес құлынды бие беріп, екінші бәйге ат алғанын көрдім. Солардың екеуін де сұраған екі кісіге өзі қызықтамастан беріп жіберді. Осы күнге шейін тобықты іші «бір досыңнан қызығып қалап, бұлдап алған жақсыңды, үйіне жеткізбей, бір жақсы көрген адамың алып кетсе, содан қызық не бар деп, Абайды айтпап па еді?» деп аңыз қылысады.

Өзі шаруа басқарып, қырда малдың санын, қалада пұлдың санын ескерген емес. Қыр шаруасында ескерсе, жылқыны ғана ескеріп, жақсыдан айғыр салып, тесе мініліп, ер батып кеткен арығы болса, сол жағын ғана ескеретін. Жалпы, малына еңбекақысын толық қылып беріп, мықты малшы салуды ескеретін, осыдан басқа ауыл шаруасында істейтін қамы болмаушы еді. Қалада болған уақытта ақшасының барлығын қасындағы атқосшы жігіт ұстайды. Одан «қанша қалды, не ұстадың?» деп сұрамайтын. Жалғыз-ақ «бітіп қалды» дегенде ғана, тыңнан ақша тауып, тағы қалтасына салып береді де отырады.

Ауылы қысы-жазы қонақшыл, әрдайым күндіз-түні басып жатқан неше алуан кісі болады. Солардың ішінде «Абайдың түстігінен жеймін» деп, ас аңдып келетін кедей-кепшікпен бірге, ел-елдің басты адамдары, ертекші, құсбегі, домбырашы, әнші не болмаса тоғызқұмалақ, дойбы ойнағыш ойыншылары да жатады.

Абай қыстығүні бос уақыттарының бірталайында өзі оқып алған романдарды кейде ертек қылып маңындағы жұртпен бірге, әсіресе өзінің ұдайы қасында болатын ертекшісі Баймағамбетке айтып беретін. ...Абай қырдың тоғызқұмалақ, дойбы сияқты ойындарына көп уақыт бөлетін. Әсіресе көп салының ойнайтыны тоғызқұмалақ болушы еді. ...Аңшылықты жасында істеген. Ол кезде Шыңғыстың қыс бойы елсіз қалатын сыртында бұғы, арқар, киік, түлкі болады. Абай жақсы құсбегі, мергендермен, аңшылармен қостап шығып, бірнеше үймен, көп соғым, сойыспен барып, бір ай, екі ай жүріп қайтады. Берірек келгенде аңшылықты қойып, жоғарыда саналған өзге түрлі сауықтарға көбірек ауысты. Бірақ бұл істерінің қайсысы болса да, Абайдың жалпы тыңдаушыға айтып отыратын өсиет-үгітіне, келелі мәжілісіне, кітап оқып, білім табуына көп бөгеті болған жоқ. Осы айтылғандардың барлығына бөгет болатын нәрсе болса, ол ел сөзі, ел тартысы болды.

Абай шын мағынасындағы мұсылман еді. Бірақ мұсылманшылығы молда, қожа айтып жүрген сыртқы сопы, мұсылмандық емес, үлкен сынмен қарап, діннің негізін, мақсат-бағытын ғана алып, соны ақиқат діні етіп қолданған. Абайдың діні мұсылманшылықтың ішінде осындай жолмен, үлкен сынмен табылған таза ақыл дін еді. Онан соң жалпы мұсылманшылық жолындағы үлкен ұламалар жазған ірі сөздердің барлығын да білетін. Өз тұсындағы молдалардың қайсысымен болса да қатар түсерлік мағлұматы бар-ды. ...Семей қаласындағы қазақ, татар молдаларының барлығы да Абайдың дін мәселесіне әбден жетік екеніне көзі жеткен соң, бұл кісіні өз заманының ұламасы сияқты көрген. Бір жылдары Семейге миссионер деген кісі келіп, мұсылман дінін қорғаушы молда имамдармен сөйлесемін деп іздегенде, Семей қаласындағы мұсылман оқымыстыларының барлығы бір ауыздан Абайды сайлап шығарады. Бірақ Сергейдің не мақсатпен сөйлесемін дегенін қала молдалары шала ұғынып, алыпқаштымен ұлғайтып жіберіп, елді де үркітіп, өздері де босқа үріккен ғой. Абай барғанда Сергей дін жайында талас жасамай, бірер нәрселерді сұрап және артынан жай әңгімеге кетсе керек. Бұл мәжілісте Абай дін жайынан қаншалық сөйлесіп, қанша таласты – ол арасын мен толық білмеймін. Бірақ артынан Абайдың өзінен сұрағанда азын-аулақ айтқаны: «Сергейдің «Мұсылман дініне, Құдай күш иесі, қорқытушы, сондықтан құдай жолындағы құлшылық, тазалық, ақтық барлығы да қорқудан туатын сияқты» дегеніне, Абай: «Біздің құдай, «Рақыман, рақим» қуат қана иесі емес, рақым да қылушы. Қуаты қара күш бастаған қуат емес. Мапақаты бар қуат; әке мен баланың арасы сияқты әкеше сүюші ие», – деген екен. Содан кейін Абай христиан дінінің нанымы бойынша «үш жүзді құдай» деген ұғымға қарсы дау айтады. «Бірлігіне үш жүзді болу сыя ма, сол үш сипат бір жүзінде болса, құдайлығына көп бола ма?» десе керек. Бұл мәжіліс туралы тағы да бір есімде қалған нәрсе: Сергейдің қасында Семейдің көп поптары бар екен. Солардың кейбіреулері бір әредікте мұсылман дінінің ұсақ мәселелері туралы Абаймен дауласқысы келсе керек. Сонда Сергей: «Сендер қойыңдар, Ыбырайым Құнанбаев сендердің тісің бататын кісі емес», – деген екен...

Негізі, Абайдың көп насихатының түп қазығы: адамшылық, ақтық әділет болатын...

(Көкбай Жанатайұлының естелігінен ықшамдалып алынды)

АБАЙТАНУ

Төкен ИБРАГИМОВ, *әдебиетші ғалым, абайтанушы:*

Абай – нағыз мұңды жалғыздың өзі...

– Біз әдетте Абаймен мақтанамыз, «кемеңгер ақынымыз», «ұлы ойшылымыз» дейміз. Бірақ мақтану бір бөлек те, бағасына жету бір бөлек. Осы тұрғыдан алғанда, Абайды қаншалықты тани алдық?

– Шынымен де, екінің бірінің айтатыны – Абай. Кейде тіпті «Алла» дегеннен де «Абай» деген күштірек сияқты сезіледі. Ойлап қарасаң, Абай әлемі ерекше терең, көп қыртысты, қатпары мол, ойының өзегі өзгеше, қат-қат. Біз бірақ кейде соны сезінбей, сөздің сыралғысы ретінде айтамыз, Абайды әңгімеге қоссақ, сөзіміз дәмді болатын сияқты көрінеді. «Абайтану» дегенде де, жұрт Абайды зерттеліп болғандай, ол туралы бәрі айтылып біткендей көреді. Алайда әр кезеңде де абайтанушының, оған ден қоюшының алдында тың сұрақтар тұрады. Сондықтан да «Абайды толықтай танып болдық» деу – артықтау. Өйткені абайтану әр кезең сайын жаңа қырларды алдыға тартады, демек, бұл – қазір жаңадан басталып жатқан күрделі процесс. Абайды, Абай әлемін тану, оның әр сөзін, ой астарында жатқан әрбір ұғымдарды, құбылыстарды тану көптеген жаңа дүниелерді алдыға тартып отырған жайы бар. Абайды өзінің айналасынсыз, ортасынсыз, өзінің алды мен өзінен кейінгілерсіз қарастыру дұрыс болмаған болар еді. Мысалы, Абай шәкірттерін, Абай ортасын игермей, зерттемей, Абайды толықтай тану мүмкін емес. Мысалы, Шәкәрім әлеміндегі Абайды танымай, Абайды тану толық бола алмайды деп ойлаймын. Сол сияқты, Көкбайдағы Абай, Ақылбайдағы, Мағауиядағы, Уайстағы Абай, Абайдың соларға ықпалы, сол әсерден туған жаңа ұғым, таным деген нәрсе тың тұрғыда, жан-жақты ойлануды талап етеді. Дегенмен біз бұған әлі де терең бойлай алған жоқпыз.

– Сіздіңше, абайтанудың күрделі болу себебі неден?

– Бұл мәселенің күрделі болу себебі Абайдың өз әлемінің күрделілігімен байланысты. Өйткені әлемдік озық ойлар Абай ойынан, өлеңінен көрініс тапқан. Абай әлемі – батыстық, шығыстық озық әдебиеттің, өнердің, ойшылдықтың қат-қат сырларымен суарылған әлем, сонымен қалыптасқан, көмкерілген дүние. Оны танып-білу, әрине, оңайға соқпайды.

– Ал Абайдың ақын, адам, тұлға ретінде қалыптасуының түп тамырын қайдан, неден іздеген жөн?

– Ең бірінші, кез келген тұлға өзінің табиғи жаратылысымен, болмысымен ерекше. Сонымен бірге оның бүкіл білімімен, жиған нәрімен, дүниетанымымен астаса отырып туған дүниесі, әрине, оңай болмайды. Өзіңіз білесіз, Абай ақын да, жазушы да, ағартушы да, қайраткер де болды. Бірақ оның бірде-бір қызметі шығармашылығына кедергі болған жоқ, қайта дамытты, танымын ұлғайтты. Қайшылық – Абайда емес, қоғамда болды. Абайдың ең ұлы дүниесі – адамды тануға ұмтылуы, адамның санасындағы, ұғымындағы қайшылықтармен күресуі болды. Мысалы, «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» дейді. Осындағы «мың» дегенді жұрттар: «Оразбай сияқты бай-шонжарлар, зорлықшылдар мен өктем күштер» деп ойлайды. Алайда олар – тек бір жағы ғана. Шындығында, бұл – адам табиғатына тән мың мін, толып жатқан кемшілік. Былайша айтқанда, адамның болашағына зиянын тигізетін, дүниетанымын тұсайтын түрлі олқылықтар мен жетімсіздіктер.

– Абайдың өзі сол адами кемшіліктер мен міндерден ада әрі биік бола алды ма?

– Біздің Абайды «құдай» деп қарауға қақымыз жоқ. Олай болатын болса, Абайда да пенделік бар. Бірақ пенделікті тек қана кемшілік деп кім айтты? Олай болуы мүмкін емес қой.

– Абайдың өмірі қаншалықты мұңсыз болды деп ойлайсыз?

– Абайдың тұла бойы – тұнып тұрған мұң. Әсілі, адамзаттың ойын дұрыстыққа, ізгілікке, жаңа бағытқа бастаймын деп, мың мінмен, кемшіліктермен алысып жүрген адам қалай мұңсыз болады? Өлеңдерін қарап отырсаң да, Абайдың ерекше бір риза болған, «болып-толдым» деген сәттері өте сирек, тіпті жоқ. Титтей кемшіліктің өзін көріп, біліп, танып, аяусыз сынға алады. Ұстараның жүзімен, қандауыр тілмен, қара қанын ағызып тұрып, адамның санасын содан тазартып отырғысы келеді. Бұл жағынан алғанда, Абай – нағыз мұңды жалғыздың өзі.

– Ал, жеке өмірі тұрғысынан алғанда ше?

– Отбасылық мәселеге келгенде, Абай кез келген ата арман ететіндей жақсы ұлдардың әкесі болды. Мейлі Ақылбай, мейлі Әбдірахман, мейлі Мағауия болсын, қай-қайсысы да бір-бір тұлға болатын. Тек солардың дүниеден жастай өтуі, өмірінің қысқа болуы Абайдың қабырғасын ерекше қайыстырып кетті. Ақынның жарлары да – аяулы аналар. Бірақ олар да кемшіліктен ада емес. Мысалы, Абайдың: «Жақсы айғырда бие жоқ ат туарлық» деген сөзі бар. Мұңы «жылқы» ұғымында ғана түсінбеу керек, ұрпақ мәселесі ретінде қараған абзал.

– Өзіңіз айтқандай, Абай ұлдарының әрқайсысы өзінше бір тұлға болды. Бірақ қандай жағдайда да, «әке – балаға сыншы» ғой. Мысалы, балалары Абайдың көңілінен шыға алды ма?

– Әрине, балаларының бәріне де Абайдың көңілі толды. Бірақ ақынның перзенттерінен күткен арманы түгелдей орындала берген жоқ. Кейбір міндерін ашық айтты да. Мысалы, «Ата-анаға көз қуаныш» атты өлеңінде аса талантты ақпа ақын, әнші, күйші Ақылбайдың өзіне мін тағады. Алайда мұнда тек Ақылбайды ғана сынап отырған жоқ, атаның балаға артар жүгі, үміті турасында сөз қозғап, бүкіл ұл атаулыға салмақ салып отыр.

– Ал Абайдың дінге көзқарасы, діни ұстанымы туралы не ойлайсыз? Бұл бағыттағы ұстанымы ақынның шығармашылығынан қаншалықты көрініс тапты?

– Абай – үлкен діндарлығы. Бірақ «дін таныту» дегенді біз көп ретте ұға бермейміз. Мысалы, дін дегеніміз – сенім. «Алла» дейміз, «құдай» дейміз. Абай сөзінде мұның бәрі бар. Дүниеге көзқарас, уақыт, мұсылмандық шарттары, сонымен байланысты ақынның өзіндік ойы айтылады. Тіпті бір өлеңінде «Алла деген сөз жеңіл, Аллаға ауыз жол емес. Ынталы жүрек, шын көңіл, Өзгесі Хаққа қол емес» дейді. Қалай дәл айтылған! Расымен де, кейде жай ғана «Алла» деп айта саламыз, ешқандай сезіміміз, жүрегіміз қосылмайды. «Ауызша» деген сол ғой. Ал шын пейіліңмен, жан-жүрегіңмен сезініп, ұғынып барып айтсаң, сенсең, сонда ғана жаңағы «Алла» дегенің Хақ болады, яғни бұл жүректен шығуы тиіс. Абайдың Алла, Тәңір туралы ерекше сөз қозғайтын тұсы – Әбдірахманның ауруымен байланысты. Бірақ бұл баласы үшін күйінген әкенің сөзі ғана емес, мұнда терең көзқарас бар. Тағы бір өлеңін алып қарайық:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй
«бауырым» деп,
Және Хақ жолы осы деп әділетті, –

дейді. Қарап тұрсаңыз, осында үлкен қайшылық жатыр. Өйткені дінге салсаң, адамзаттың бәрін жақсы көру шарт емес. Тіпті дін жолымен кәпір атаулыға майдан ашып, өлтіруге, қырып-жоюға болады. Ал Абай болса, «адамзаттың бәрін «бауырым!» деп сүй» дейді. Неткен үлкен жүрек! Менің білуімше, мұндай ойды тіпті Сократ та, Платон да, Аристотель де айтпаған, бұл – Абайдың ғана аузынан шыққан сөз. Және мұны түсіну – өте күрделі дүние. Мысалы, «адамзаттың бәрін сүй» дей салса да болады ғой. Абай «бауырым деп сүй» дейді. Осы «бауырым» деген нәрсе – әлемдік ойға Абай әкелген үлкен жаңалық. Енді 37-ші қара сөзге барыңыз: «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, Адамның баласы – бауырың». Бұл – адам танудағы өте тың нәрсе. Шынымен де, әкеңіздің ғана баласы болсаңыз, бүкіл дүниені, бүкіл жақсылықты әкеңізге тартар едіңіз. Сондықтан да әкенің ғана емес, адамның баласы болу деген – өте абыройлы, жауапты парыз.

– Демек, бұдан «Абай кез келген нәрсеге философиялық тұрғыдан қарады» деген ой туады ғой...

– Бір анығы, Абай кез келген нәрсеге үлкен мән берген. Бұл – Сократ пен Платоннан болмаса Аристотельден Абай озып кетті деген сөз емес, Абайдың әлемдік ойға ой қосып, ұлылармен терезесі тең тұрғандығының айқын дәлелі.

– Сонда әдебиетші ғалымдарымыз Абай ойының осындай қырларына, ерекшелігіне онша бойламай жүр деп ойлайсыз ба?

– Сөз жоқ, Абайды тану жаңа басталды. Бұған дейін көбінесе ақын өлеңдерін тек мазмұндық, көркемдік жағынан, кезеңдік талаптарға орай түсіндіріп келдік. Одан тереңірек талдауға, салмақтауға ғалымдарымыздың енжарлығы, керек болатын болса, өресі жетпей жүр. Мына бір өлеңін қараңыз: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Мысалы, ыстық қайрат арқылы Мұзды мұхиттың мұзын ерітуіміз керек, ол үшін қару керек, ол қару – ақыл. Онда да ол нұрлы ақыл болуы қажет. Өйткені кейде жауыз да дана болып келеді. Енді осының бәрі – қайрат та, ақыл да кімге қызмет етуі керек? Адамға. Ал күллі игілікті адамның пайдасына, онда да сүйіспеншілікпен, махаббатпен жұмсау үшін, пайдалану үшін жылы жүрек қажет. Бұл деген ғажап емес пе!

– Мұншама ойшыл, мұншама дана Абайдың шығармашылықтан сырт, билікке араласуына не түртті болды?

– Абайдың билікке араласуына себепкер болған,ең алдымен, әкесі Құнанбай. Бірақ ойлы, саналы адамдар қоғамның, адамның кемшілігін түзету, елді жарқын жолға бастап, жоқ-жітіктер мен әлсіздерге теңдік алып беру үшін, сөз жоқ, билікке араласады. Мысалы, сайлауға Шоқан да түскен, бірақ өтпей қалған. Ал Абай үш рет болыс болған.

– Абайдың «Қазақты түзеймін деген адамға зор билік немесе мол дәулет керек» деген мағынада айтқан сөзі бар. Бұл жағынан алғанда, Абайда билік те, байлық та жеткілікті болды. Солай бола тұра, халқын жөнге сала алған жоқ. Керісінше, таяқ жеді. Мұны қалай түсінуге болады?

– Абайдың: *«Заманға жаман*
күйлемек,
Замана оны илемек,
Заманды қай жан билемек?» – деген өлеңі бар ғой. Шынымен де, замана ешкімнің ырқына көнбейді, тоқтатуға келмейді, өз ағынымен зулап кете барады. Ал адамның өмір сүргісі келеді. Бірдеңе алып қалу үшін еркіне көнуге, жағынуға тура келеді. Былайша айтқанда, күйлейміз. Ал заманада аяу жоқ. Пендені қалауынша илейді. Оған Абайдың көзі жетті де. Бірақ одан Абай ұтты. Заманның осылай екенін, биліктің опасыздығын, екіұштылығын өлеңдерінде жетер жеріне жеткізе жазды.

Өкінішке қарай, осының бәрін талдап, таразылап жүрген зерттеуші жоқтың қасы. Мысалы, Абай ойларының шәкірттері тарапынан жалғасуы қалай? Бұл ретте, Көкбай:

Заманды түзетпейді ешкім билеп,
Әркімнің екі қолы ішіне имек.
Ғаламға ақыл патша болған күні,
Теп-тегіс адамзатқа есе тимек, – дейді.

Яғни Көкбай «заманды да түзетуге болады. Ол үшін ақыл үстемдік етуі тиіс. Сол кезде адамның құшағы ашылады, ішке тартқыштық икем жазылады, әділдік орнайды» деген ой айтады. Бұдан Абай ойының шәкірт танымы арқылы басқаша ұғым иеленуін көруге болады.

– Әңгімеңіздің басында «Абайдың ортасын, айналасын жете зерттемейінше, Абайды толық танып-білдік деуге болмайды» деген едіңіз. Осы орайда, Абай ойының, Абай рухының шәкірттері шығармашылығынан көрініс беруін де ескеруіміз керек болғаны ғой?

– Әлбетте. Бірақ біздің абайтанушыларымыз қазір бәрін тындырып тастағандай кейіпте. Шындығын айтқанда, біз қазір Әуезов жеткізген абайтанудың өзін әлі ұғып, игеріп болған жоқпыз. Сөйте отырып, қалай дамытамыз? Ал Әуезовтің Абайды уақыттың ығына қарай түсіндіруге, зерттеуге мәжбүр болғандығын ескерсек, бізге көп нәрсені қайта зерделеуге тура келеді. Мысалы, Әуезов бір еңбектерінде: «Абай жақсы байлар, момын байлар дейді. Ондай байлар болушы ма еді? Олардың бәрі де Абайдың өзі арпалысып жүрген болыс, билер, зорлықшылдар емес пе еді?» – дейді. Бұл жерде, әрине, Мұхаң Абайды сынап, кемшілігін ашып отырған жоқ, таптық құрылысқа әкелу үшін, еріксіз жазып отыр. Шын негізінде, Абайды ұққан бір адам болса, ол Мұхтар Әуезов болуы керек. Ал Әуезовтің өзі болса, «мен ештеңе де біле қойған жоқпын, Абай, Абай, Абай ғана бәрін біледі» деп кеткен...

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

? БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Абай неге Көкбай болып шықты?

Алғашқы өлеңдерін Абай өз атынан емес, неге досы Көкбайдың атынан жазған?

Сара, *Алматы қаласы*

Бұл сұраққа Абай мұражайының директоры, көкбайтанушы Ж.Әубәкір былайша жауап береді:

– М.Әуезовтің өзі Көкбайдың ақындығы туралы сөз қозғағанда: «Ол кезде Абай айналасындағы бар ақынның ішінде суырыпсалма, импровизацияға ең жүйрік ақын Көкбай болғаны даусыз. Сол талантын бағалап, Абай мұны өзі жазып жүрген алғашқы өлеңдеріне ие ғып шығарады», – дейді. Ал Көкбай өз естелігінде: «1880 жылдан бастап 1886 жылдарға дейін Абай әрбір өлеңді жазып жүрді. Бірақ бұл уақытта сөздерінің барлығын «Көкбай сөздері» деп жүргізді. Осы хал 1886 жылға шейін келді де, сол жылдың жазында ел жайлауға шықты. Абай қонып жатқан ауылды көріп, «осы суретті өлең қыл» деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да, өзі жазбақшы болды. Сонымен үй тігіліп болып, бәріміз жайланған соң, Абайға келіп едім: «Өлең Көкшенің бойынан асайын деді ғой», – деді. Мен: «Асса, басында мен қолқалап алған нәрсе емес еді. Енді өзіңіз ретін тауып қайта аларсыз», – деп қалжыңдадым. Сөйтсем, сол күні «Жаздыгүн шілде болғанданы» жазған екен. Оқып берді. Өзі жазған сөзіне ең алғаш рет аз да болса қанағат қылғанын көргенім – осы. Менің қалжыңыма орай қылып: «Сен соғымыңа бір ту бие ал, ал мен енді өлеңімді өзім алайын», – дейді.

Абай оқыған Ахмет Риза медресесі

Семейдегі Абай мұражайының қасындағы Ахмет Риза медресесінде Абай қашан оқыған? Медресе мен Абай оқыған кітаптар туралы мағлұмат берсеңіздер.

Перизат ҚАЙЫРҒАЛИҚЫЗЫ, *Астана*

Семей қаласындағы діни медресе. Оны Ахмет Риза деген имам ұйымдастырған. Абай Құнанбаев 1855-1859 жылдар аралығында осы медреседе оқыған. Кезінде мешіт жанында медресе болған. Ахмет-Риза медресесі сол кездегі басқа діни оқу орындарынан әжептеуір озықтау саналған. 1949 жылы өрт апатына шалынып, жойылып кеткен.

1992-1993 жылдары, Абайдың 150 жылдық торқалы тойына орай, медресе Интернациональная көшесі мен Дулатов көшелерінің қиылысына көшіріліп, қайта жөндеу жұмыстары жүргізіліп, мұнарасы да тұрғызылды.

Медресенің екі үлкен бөлмесінде «Медресе тарихы», «Шығыс әлемі» атты әдеби экспозиция келушілерге қызмет көрсетеді. Қазіргі уақытта медреседе реэкспозиция, қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Кейіннен медресе шатырынан Абайоқығанараб,шағатай,парсы тілдеріндегі кітаптар табылған. Мұражай қорында Абай оқыған медресе кітаптары: діни кітаптар, тарих, география-астрономия, тіл-әдебиет оқулықтары. Қазір музей экспозициясында Хожа Хафиз қолжазба шығармалары, Сағдидің "Бустаны", Шаһабуддин Маржанидің «Китап Хаһ әл-мағрифа» т.б. қойылған.

Алаш айнасы
e-mail: info@alashainasy.kz
№139 (591)
10.08.2011 жыл
сәрсенбі
www.alashainasy.kz



- *Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны.*
- *Қуанбақтық пен бақ – мастықтың үлкені, мыңнан бір кісі-ақ к...н ашпайтұғын ақылы бойында қалады.*
- *Егер ісім өнсін десең, ретін тап.*
- *Биік мансап – биік жартас. Ерінбей еңбектеп, жылан да шығады, Екпіндеп ұшып, қыран да шығады;*
- *Жікшіл ел жетпей мақтайды, Желөкпелер шын деп ойлайды.*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

ПАЙЫМ

Кеңес неге Абайдан өлердей қорықты?

Басы 1-бетте

Сұсты Сталиннің де қорыққаны осы еді. Егер де Абай шығармашылығындағы шығыс пәлсапасы ашылса, онда көшпенділердің тұқымын ұстап тұру мүмкін емес-тін. Тәуелді ел бола тұра, тәуелсіз ғұмыр кеше алатын жағдайға жетер еді. Ұлан-ғайыр жерді иемденген ұлттың болмысын былғатпай, санасын улатпай ұлттық қорғаныш қабілеттерінің артатынын Мәскеу төрінде отырғандар анық ұғынды. Басқа-басқа, қазақ халқы саналық тәуелсіздікке қол жеткізсе, онда өзге ұлттарда толқу пайда болатыны оларға екібастан белгілі дүние еді.

Мекемтас МЫРЗАХМЕТ, *абайтанушы ғалым:*

– Докторлық диссертациямды 1989 жылы қорғадым. Сонда монографиямның бір тарауы осы Абайдың шығысына арналған болатын. Қорғау барысында бүкіл академик осы Абайдың шығысына қарсы болды. Маған Абай туралы диссертациямды жеті рет қорғатқызбады. Ақыры қайта құру кезінде қорғап шықтым. Қазір Абайдың шығысынан бәрі табылып жатыр. Толық адам туралы ілімі де, исламиятты тануы, адамгершілік туралы идеясы, мораль философиясы да жүйелі түрде жазылған. Қазір осы игілік өзінің жемісін бере бастады. Толық адам туралы ілімін философтар әлі толық ашып бере алмады. Енді аша алмайды. Өйткені философияның тірелетін жері – материя. Ал шығыстың пәлсапасының қайнары – сана. Біз өзіміздің пәлсапамызға түспейінше, Абайдың шығысын толық ұғына алмаймыз. Бұл – болашақтың еншісіндегі дүние.

АБАЙДЫҢ ИСЛАМИЯТЫ

Әдебиет әлемінде «классика» деген ұғым бар. Әр халықтың талғамына қарай бұл ұғымға түсінік беруі де әртүрлі. Алайда ортақ қалыптасқан нақты бір концепция жоқ. Тек белгілісі, бүгінде «классикаға» адамзат баласына ортақ құндылық болып табылатын бейнелі образдар, қараны ақтың, жамандықты жақсылықтың, озбырлықты әділдіктің жеңіп шығуы секілді бүгінде қалыпты болған жайттар мен жаңа постмодернистік бағыттың серпін алып, адамзат баласының санасы қабылдай алмайтын, логикаға қайшы келетін, пенде баласына тән, алайда көпшілікке жария етуге болмайтын арсыз іс-әрекеттер (төсек қатынасының қатысы жоқ) бейнеленген туындылар да осы санатқа жатқызылып келеді. Мұның бәрі – біздің құлдық санаға тәуелді ойлау көрсеткішіміздің бір белгісі.

Ә.Қастеев. «Абай жайлауда». 1971 жыл

Себебі шығыстық қалпымызға салсақ, әлем әдебиетінің көрнекті өкілдері, кіл классиктері, расымен, шығыс шайырлары. Ал олардың шығармашылығына көз жүгіртсеңіз, арсыз іс-әрекеттер мен логикаға қайшы бейнелерді кездестірмейсіз. Нәзірагөйлік дәстүрмен, астарлап қана өмірді жырлайды. Адалдықты ту етеді. Жаратқанға деген махаббатын, сүйіспеншілігін шарапқа, қымызға теңеп, Хақ тағаланың шарапатын сезінеді. Демек, осы ракурстан алып қарайтын болсақ, шығыстың классикасы – бұл имани әдебиеттің жалпыхалықтық сипатқа еніп, жалпақ жұрттың жүрегіндегі Жаратушыға деген пәк сезімдеріне қозғау салып, күмәнді көңілге от жаққан туынды болуға тиіс емес пе?

Абай да жас болды, жастығына мас болды. «Тар төсекте төсіңді иіскер ме едім жалаңаш», «Салмағымнан қалсын дене жаншылып» деп жырланған албырттық сезім ұлғая келе, шығыстық қалыпта «Махаббатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті» деген пәлсапалық ұғымға ұласты. Оның адамгершілік қағидасы, мораль пәлсапасы қара сөздерінде де анық көрініс тапты. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім. Пайдасын көре тұра тексермедім. Ержеткен соң түспеді уысыма, қолымды мезгілінен кеш сермедім» деген өлең жолдары хәкім Абайдың еуропалық ілімнен пайда таппай, қайтадан бала кезде бойына сіңірген «Физули, Шамси, Сайқали» деп алғаш жыр жазатын бастапқы қалпына қайту кезеңін көрсетеді. Не тапса да, шығыстық ілімнен, бабалардың салған саналық сүрлеуінен табатынын түйсінген данышпан осы жолды жаңа тұрпатта, Еділ мен Ертістің арасында жатқан қазақ баласына, мұқым мұсылман жамағатының қабылдау мүмкіндігіне сай тілде жеткізуге тырысты. Өзінен кейін халқының үлкен қасіретке ұшырап, саналық бұғауға түсерін, имани тәуелсіздігінен айырылып, жүрегін тыңдаудан қалатынын сезгендей «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп Жаратқанның барлығына, бірлігіне мұсылман баласы күмән келтірмеу керектігін, қасиетті Құран Кәрімнен асқан ақиқи кітап жоқтығын көркем тілмен жеткізді. Бүгінгі таңда әлемдік ғылымның түпкілікті зерттеуіне айналған «толық адам» пәлсапасы да Абайдың кеңінен тоқталған тұсы еді.

БИЛІКТІҢ АБАЙДАН АЯҚ ТАРТУЫ

Абай өмір сүрген тұста патша өкіметінің қазаққа тізесі қатты батты. Оны ақын жүрегімен сезінді, асқақ рухы мұқалып, жігері құм бола күйреді. Бұл бағытта кете берсе, аздаған жыл ішінде халқының жер бетінен жойылып кететінін білген Абай елдің иманын көтеру керектігін, оқып, ілім-білім үйрену қажеттігін анық сезініп, осы жолда аянбай еңбектенді. Жасырын бұйрықта патша билігі әуелі үш халықты жер бетінен жою керек деген қағида ұстанды. Оның біріншісі – ноғай халқы. Екіншісі – орыстардың 50 пайызын құрған Қырым татарлары. Үшіншісі – қазақтар. Бұл – тарихи дерек. 1897 жылы қазақтар бүкіл Ресейге қараған түркі халықтарының 57 пайызын құраған екен. Сұрқия саясат Абайдың халқын да оңдырмады. Қазақтар үш есе азайып, 21 пайызға дейін түсті. Бірақ басқа халықтарға тиіспеді. Архивтен алынған деректерге қарасақ, ұйғырлар – алты есе, тәжік – бес есе, қырғыз – алты есе, түрікмен – алты есе, өзбек тіптен 12,5 есе өсімге ие болған екен. Ал қазақтар үш есе кеміп кетті. Осы ретте, «неге тек қана қазақтар кеміп кеті?» деген орынды сауалдың бой көрсететіні анық. Қазақтардан патша өкіметі неге өлердей қорықты? Себебі кең-байтақ жері бар, байлығы мол, рухы мықты халық қазақтар еді. Қазақты тұқыртып, сағын сындырса, басқа халықтар бас көтере алмайды деп санады. Міне, бұл – сол Абай өмір сүрген кезде басталған патша өкіметінің солақай саясатының салқыны.

Абай шығармашылығында, әсіресе оның шығыстық ілімінде толық адам болып, адамгершілік идеясын ту етуі, моральдық пәлсапаны терең қозғап, түптің түбі қазақ халқы сана тәуелсіздігіне қол жеткізуі тиіс екендігі жан-жақты сараланды. Патша билігінен соң таққа отырған кеңестік империя басшылары да хәкімнің осы ілімінен өлердей қорқып, оны зерттеуге бет бұрған жанның бәрін бетқақпайлап отырды. Олардың Абайдан қорқуы да заңды болатын. Өйткені Абайдың ұлттық санасы Алашты оятты. Патша билігінің қол астында отырып жеке автономия құру идеясының да қайнар бастауында Абай тұрған. Ол халықтың тарихи санасын оятуға күш салды. Өйткені санасы тәуелсіз, тарихи жады қайта оралған халықтың құлдықтың қамытын кимейтіні анық еді.

Тарихты қалыптастыратын – уақыт. Уақыттың бейнелі көрінісі – заман. Заманның қаһарманы – сол кезеңдегі өз халқына адал еңбегімен ерекшеленген тұлға. Осы тұрғыдан алсақ, Абай қазақ халқының мәңгілік қайраткер тұлғасы. Патшалы Ресейдің де, қылышынан қан сорғалаған Кеңестің де Абайдың шығысынан аяқ тартып, шошынғаны – біртуар тұлғаның халқы үшін, қарындас қазақтың қамын ойлап жанталаса, бодан ел болса да, бостандық рухында ғұмыр кешуі үшін тер төгуі еді. Биылғы жылдың наурызында Түркістан қаласында зиялы қауым өкілдерімен жүздескен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз дінде Қожа Ахмет Ясауи ілімін алып жүруіміз қажет. Ал ұлттық философия, тіл, әдебиет мәселесінде Абай атамыздан артық жүгінеріміз жоқ. Абайдың еңбектерін көбірек оқу, насихаттау керек», – деп, салиқалы пікірін білдірген еді. Осы аталы сөзден-ақ Абай рухының қаншалықты өз ұлтына қызмет етіп келе жатқандығын һәм әлі де өзі сүйген халқының керегіне жарайтындығын бағамдауға болатындай. Ендеше, Абай біздің әрдайым қорғанышымыз болған, болып та қала бермек...

ЕСТЕЛІК

Тұрағұл ИБРАГИМОВ, *Абайдың ұлы:*

Жақсы атқа, қыран құсқа құмар еді

...Мен әкемнің отыз екі жасында, жігіт ағасы болып қалған кезінде туғанмын. Мен әкемді танығанда әкемнің жүзі ашық, ажары сыртында, көзі өткір, ашуы да, қуануы да жылдам, ширақ жанды адам еді. Мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарқаны аса мол еді. Бір іспен қызықтамай, жай, салбырап, шаруасын істеп отырмаушы еді. Маған десе, малай, малшы, қызметкер қатынның да болса, бір тәуір мінезін, қылығын тауып, жақсы көріп, ойнап-қалжыңдап отырар еді.

Еш уақытта іші сүймеген, сенбеген адаммен мәжілістес болып, ұзақ отыра алмаушы еді. ...Ұйқысы шағын, жалпы халықтан кеш жатып, ерте тұру – жалпы, әдеті. Төсегінің алдынан қалың постель төсетіп, оның үстіне көрпе салғызып, бір жағынан үлкен жастық қойғызып, көйлекшең, басқа киім кимей, жастығына шынтақтап, кейде бауырына басып отырушы еді, қағаз шайдан басқа шай ішкен емес, қантсыз шай ішкенін көргенім жоқ. Бірақ ол қант алдында жатады. Көп жегіш емес. Таңертеңгі шайына кейде жұмыртқа қостырып құймақ құйғызады, кейде самса пісіртетін, жеке бауырсақпен іше қоймаушы еді. Шайын стаканға құйғызып, ыстық күйінде ішпей, салқындаған кезінде жұта салушы еді.

Қазақ ойнайтын ойындар – дойбы, қарт сықылды ойындардың бәріне де ілгергі қазақтың ойыншылары ретті ойнаушы еді, сөйтсе де мен білген кезде салынып, қызықтап ойнайтын ойыны тоғызқұмалақ еді. Қай-қайдағы тобықты ішіндегі ойыншы шалдар келіп, ай жатып, ойнап қайтушы еді. Сондай ойыншы шалдарының дәулеті нашарлары кейде соғымдық қой, тай, тайынша алып, я атқа мініп қайтқаны да болды.

...Таңертеңгі шайды ішкен соң, менің әкем көйлекшең күйінде, басында тақиясы, бауырына ақ жастығын басып, құмалағын ойнап жатады. Күндіз келген ел арасының ретті адамдары да ойынға кірісіп кетеді, құмалақ кезек тимегендер, я ойнай білмейтіні, балалар өз алдына дойбы, я қарттың дүкенін ашады. Құмалақта әкемді жеңген адам көргенім жоқ.

Біздің қазақтың уақытқа байлығынан бір әдеті – бір жерге жұмыспен барса, барған жұмысын барған жерден айтпай, не қонып, не түстеніп, енді аттанарында ғана айтады. Менің әкем елдің бұл әдетіне қарсы еді. Алыс жерден келген сыйлы адам болмаса, ел арасының адамынан келген жерден жұмысын сұрап, бітіріп, «енді отыра бер» деп, өзі алаңсыз ойынына, я кітабына кіріп кетуші еді. Егер келген кісі сұраған жерден жұмысын айтпай, елдің әдетіне салып тығынып қалса, оған ыза болып, енді ол «айтарлық кезегім келді» деп жұмысын айтпақшы болғанда, «бағанағы сұрағанымда неге айтпадың?» деп ұрсып, кейде сөзін тыңдамай да қояды. Сұраған жерде жұмысын айтқан кісіге ырза болып қалады. Біздің елдің адамы бұл мінезіне үйренгендігінен, «неғып жүрсің?» деп сұраған жерден жұмысын айтатын болды.

Шаруа жағына көзінің қырын сирек салады. Күндіз-түні босатпайтын елдің жұмысынан қолы да тимейді. Шаруаның үш түрін ескеруші еді: жақсы қонысты таңдап қону, жақсы малшыны іздеп тауып, ақысын қымбатсынбай алу, жылқының аса ер жетіп кеткені бар ма – соны ғана қараушы еді. Жақсы ат, я айғыр сықылды жылқысы болмаса, жалпы, жылқысын танымайды, қой мен түйені де сеніп алған қойшы, түйешісінен ғана сұрайды, әйтпесе өзі «мынау менің түйем», «қойым» деп бірін де танымайды, сиырды жиған кісі емес, «сиыр қар теппейді, жаз болса, үйдің маңайын былғайды» деп, ол кездегі біздің елдің байларының бәрі де жимаушы еді.

...Таңертеңнен кешке шейін көбінесе орыстың кітабын оқиды да, ара-тұра жастықты бауырына басып, алдында ақ қағазы, өлең жазып тастайды, сол өлең жазардағы түрі: бір мұсаға мінген кісідей өңі қашыңқырап, азырақ ентіккен кісідей танауы кебіңкіреп, көзі жасаураңқырайды, естір-естілместей қып күңіренгенінің ішінде күбірлеңкіреп кеп, жазып кеп кеткенде көп тоқталып ойлана бермейді де, қайта сызып түзетпейді де. Өлеңнің тығыны суырылып кеткенге ұқсайды.

...Бір ғадеті – жақсы атқа, қыран құсқа құмар еді, өзі екі-үш жыл салтанатын келістіріп, құсбегілерін, мергендерін сайлап құс салып тұрды. Балаларының әрқайсысына құс салғызды. Бірақ ұзақ уақыт құсшы болғанымыз жоқ. Біреудікін алып, біреуге сапырып отырады. ...Мен әкемнің топта билікке тартысып, яки айтысып, сөзін сарқа сөйлеп суырылып отырғанын көргенім жоқ. Байлаулы жерінен қысқаша түйем сөзді ақырын айтса – тоқтаса қалушы еді. Менің әкемнен басқа разы іздеп, жүгінетұғын адамды көргенім жоқ. Жалпы, өзіміздің елдің жақсысын абайласам, алдына келген даудан мүмкін қадарлы өзінің досына пайдалы жағынан қапы қалдырмай билік айтады. Жалпы, ұрылар айтады: «Абайдың алдына өтірікпен бара алмаймыз, жанымыз қалса, шын сөзіміздің арқасында қалады», – деп.

...Енді, Долгополовтың менің әкеме айтқан сынын жазайын. Бұл Долгополов – бірінші ме я екінші ме, Государственный Думаға Одесса қаласынан депутат болып сайланған адам. Докторлыққа экзамен беріп жатқанда саяси айыбы болып айдалып, Семейге келген кезінде менің әкеммен таныс болып, сексен бесінші жылы жаздай біздің ауылда болған. Бір күні менің әкем сөйлесіп отырып: «Менің балаларымды сынашы», – депті. Сонда Долгополовтың айтқаны: «Сенің балаларыңның адамға қарасы түзу, зерек, жақсы балалар. Бірақ сенің мына сән-салтанатыңды, дәулет-дәуреніңді көріп отырып, жақсы бала бола алмайды. Ғылымға ет ауыртып еңбек қылмаса, қолға түспейді. Сенің балаларың оншалық етін ауыртып, еңбек қып неғылсын. Еңбексіз-ақ өзі – хан, өзі – би. Сенің ауылыңның төбесі көрінбестей алысқа кетсе, сонда адам болады», – депті.

Содан соң: «Өзімді сынашы», – депті менің әкем. Сондағы Долгополовтың айтқан сыны: «Сен басың алтын адамсың, бірақ үйренген әдет-салтың жаман. Таңертең төсектен тұрасың, біреу әкеп киімдеріңді киіндіреді, арқаңа шапаныңды жабады, есікті ашып, тысқа шығарады, қайтып келген соң тағы да есікті ашып үйге енгізіп, алдыңа шылапшынды әкеліп, құманмен суды қолыңа құяды. Ас келсе, шайыңды құйып береді, етіңді жапырақтап береді. Ұйықтамақ болсаң, төсегіңді салып, өзіңді біреу шешіндіріп жатқызып, шақшаңды бір жағыңа, мұрын орамалыңды бір жағыңа тығып, үстіңе көрпеңді жауып салады. Өзің үшін өзің не қыласың? Әрнешік ұйықтап көресің», – депті. Осы Долгополовтың аз ғана сөзі менің әкемнің бірқатар әдетін, салтын көрсетер деп жаздым...

(Тұрағұл Абайұлының естелігінен ықшамдалып алынды)

КӨРМЕ

Абай нәр алған асыл арналар

Бүгін еліміз ұлы ойшыл, философ, қазақтың біртуар ақыны Абай Құнанбаевтың туған күнін атап өтеді. Айтулы күнге орай Семейдегі Абай атындағы әмбебап кітапханада «Абай нәр алған асыл арналар» атты кітап көрмесі ашылды. Бұл шара кемеңгер ақынның 166 жылдығына арналып отыр. Көрмеге кітапхананың сирек қорынан алынған, заманында Абай Құнанбайұлы оқыған кітаптар қойылды.

Мұндағы ең көне кітап – 1786 жылы жарыққа шыққан Михаил Херасковтың екі томдық эпостық жырлары және 1790 жылы басылған Витрувий Полонийдің «Архитектура» атты еңбегі.

Еліміздегі ең көне кітапханада ашылған көрме ақын Абай оқыған дүниелерді қамтығандығымен маңызды болып отыр. Облыстық Абай атындағы әмбебап кітапханаың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің қызметкері Анар Оспанованың айтуынша, ұлы ойшыл Семейдегі алғашқы қоғамдық кітапхананың оқырманы болған. Ол туралы Америка журналисі Джордж Кеннан Сібір түрмелерін зерттеу мақсатында 1885 жылы Семей өңіріне жасаған саяхатынан жазған кітабында атап өткен.

Ақынның туған күніне орай кітапхана қызметкерлері сирек қорда сақталатын кітаптар көрмесін жыл сайын өткізуді дәстүрге айналдырған.

Көрмеде Абайдың белсенді қоғамдық қызметпен айналысқандығын да дәлелдейтін құнды құжат бар. Ал «Абай және әдебиет» бөліміне Абай сусындаған Шығыс пен Батыс, орыс әдебиетінің шығармалары қойылыпты. Кітапхана ұйымдастырған көрмеде Пушкиннің, Толстойдың, Жуковскийдің, Крыловтың шығармалары және Гетенің, Гейненің, Шиллердің, яғни Батыс Еуропа классиктерінің үздік шығармалары да көрермен назарына ұсынылып отыр. Кітапхананың алтын қорында кемеңгердің қытай, корей, қырғыз, өзбек, ағылшын, араб және орыс тілдеріне аударылған еңбектері бар. Осы жолғы көрмеге 50-ден астам кітап қойылды. Кітапхана қызметкерлерінің айтуынша, ұлы ойшылдың туған күніне орай өтетін бұдан басқа да түрлі шаралар тамыз айының 23-іне дейін жалғаспақ. Ал Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы ақынның туған күнін тамыздың 23-і күні атап өтпек. Бұл күні киелі қара шаңырақта әдеби кеш, тағы басқа түрлі шаралар өтеді деп жоспарланған.

Асыл ЖАН,
Семей

БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Бізге ғұламаның неше фотосуреті жеткен?

Абайдың неше фотосуреті бар? Көзінің тірі кезінде салынған портреті бар ма? Олар қазір қайда сақталған?

Маржан ҚОЛДАСОВА, *Алматы қаласы*

Семей қаласындағы Абай тарихи-мемориалдық мұражай-қорық кешенінің директоры Жандос Әубәкірдің айтуынша, Абай Құнанбайұлының бізге жеткен екі ғана суреті бар. Ал көзі тірі кезінде қарындашпен салынған жалғыз портреті осы мұражайда сақтаулы. Бірінші сурет 1896 жылы Семей қаласында түсірілген. Суретте Ақылбай, Абай және Тұрағұл бейнеленген. Бұл фотосуретті 1941 жылы мұражайға тапсырған – Мұхтар Әуезов. Жазушының өз қолынан қабылдап алып, мұражайдың қорына қойған сол кездегі музей қызметкері – абайтанушы Қайым Мұхамедханов. Екінші суретке Абай өз жанұясымен 1903 жылы түскен. Бірінші қатарда Абайдың немересі Пәкизат, баласы Тұрағұл, Ақылбайдың ұлы Әубәкір бейнеленген. Бұл фотосуреттің түпнұсқасы Алматыдағы Мұхтар Әуезов музейінде сақтаулы. Абайдың көзі тірісінде салынған жалғыз портреті – ақынның орыс достарының бірі П.Д.Лобановскийдің 1887 жылғы еңбегі. Лобановский Ресейде өтетін жәрмеңкеде болатын жәрмеңкеге «Семей облысындағы қазақтардың типі» атты портреттер топтамасын дайындаған болатын. Осы топтаманың №6 суреті – Абай портреті. Суреттің астында «Почетный киргиз Ибрагим Кунанбаев Чингизской волости Семипалатинского уезда. 45 лет от роду. Состоит членом областного статистического комитета» деген жазу бар. Бұл топтама Семей қаласының өлкетану музейінде сақталып келген. 1964 жылы Мәдениет министрлігінің арнайы бұйрығымен Абай музейінің қорына берілді.

Әйгілі өлеңдегі күркіреп жатқан қай өзен?

Абайдың қазақ жерінің әсем табиғатын паш ететін «Жаздыгүн шілде болғанда, Көкорай шалғын, бәйшешек, Ұзарып өсіп толғанда; Күркіреп жатқан өзенге, Көшіп ауыл қонғанда» деген өлең жолдары еліміздің қай өңіріне арналған?

Назым ІДІРІСОВА, *Алматы қаласы*

1995 жылы жарық көрген «Абай» энциклопедиясының мәліметінше, ұлы ақынның 1886 жылы жазылған «Жаздыгүн шілде болғанда...» немесе «Жаз» өлеңі Ботақан ошағы, Бақанас, Байқоңыр өзендерінің бойындағы қазақ жайлауларын суреттейді. Жаңа қонысқа, жазғы мекенге көшіп келіп, қым-қуыт тірлігіне жан бітіріп жатқан қазақ ауылының көрінісін, бар қимыл-әрекетті ақын өлең тілінің бар кереметін пайдалана отырып, айшықты бейнелейді. Бұл шығарма қазақ поэзиясындағы жазғы табиғат суретінің ең биік үлгісі болып қалды. Абайтанушылар өлеңнен Шыңғыс тауының солтүстігінен шығысқа қарай ағып жатқан Ботақан ошағы өзені мен оның бойындағы жайлауды таниды. «Абай жолында» бұл жайлауға Құнанбай ауылының көбірек орнығып отыратыны және мұнда Абай мен Ділдәнің үйленгені айтылады.

Алаш айнасы
e-mail: info@alashainasy.kz
№139 (591)
10.08.2011 жыл
сәрсенбі
www.alashainasy.kz
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

- *Дүние – үлкен көл,*
  Заман – соққан жел,
  Алдыңғы толқын – ағалар,
  Артқы толқын – інілер,
  Кезекпенен өлінер,
  Баяғыдай көрінер.
- *Бақпен асқан патшадан*
  Мимен асқан қара артық.
  Сақалын сатқан кәріден
  Еңбегін сатқан бала артық.

ДАТ!

Тұрсын ЖҰРТБАЙ, *Халықаралық «Алаш», І.Жансүгіров атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты, жазушы, алаштанушы:*

Абайтану туралы пікір айтатын жаңа ұрпақ өткен мен бүгінді байланыстыра алмай жүр



– Тұрсын аға, абайтану ғылымының қазіргі ахуалы қандай? Бұрынғы мен қазіргі зерттеу арасында қандай байланыс бар? Абайтанудың қазіргі беталысына көңіліңіз тола ма?

– Бүгінгі таңдағы абайтану таным жолайрығында тұр. Әрбір торқалы той сайын Абай туралы науқанды түрде көптеген жаңа толқынды зерттеулер, жаңа серпілістер, жаңа тұжырымдық ойлар жасалып жатты. Сондықтан да бір қараған адамға Абайдан көп зерттелген, көп оқылған, көп таралған сөз иесі қазақта жоқ деуге болады. Бұл – заңды да. Шкловскийдің: «Біз әрбір ұлт данасының мерейтойын атап өту арқылы ұлтымыздың өткенін еске аламыз, бүгінін сабақтаймыз, келер күндердің бағытын анықтаймыз», – деген сөзі бар. Менің ойымша, Абай – тура сондай тұлға. Әрбір онжылдық өткен сайын, заманның беті мен асты құбылған сайын, Абай да жаңаша бір түрленіп, төңкеріліп отырады. Өз бағамдауымша, Абайдың 150 жылдығы тұсында, одан кейінгі 10 жылда абайтану ілімінің 100 жылдығына орай үлкен бір тұжырымдар жасалып, тиянақталды. Соның ең үлкен жетістігі: 1995 жылы шыққан екі томдық және сондағы түсініктемелері деп есептеймін. Бұған сол кездегі Серік Қирабаев, Зәки Ахметов, Қайым Мұхамедханов, Бейсенбай Байғалиев, Жұмағали Смағұлов, Мекемтас Мырзахметов сияқты ғалымдардың барлығы тартылды. Сол басылым – арғы-бергі ойларды түсірген жинақ. Сол жинақта өзім ұсынған екі-үш мәтіндік-пікірлік қорытындылар бар. Қалай болғанда да, абайтануға үлкен бір белестің жақсы бір нүктесі болып қалыптасты. Кейінгі бесалты жылдан бастап абайтанудың жаңаша беті жаңа бір тосын бағытқа бет алып бара жатқан сияқты. Мәселе ол бағытта емес. Әр ұрпақ өз сөзін айтады, өзінше түсінеді, өзінше түсіндіреді. Мәселе – сол ұрпақтың Абайды түсінудегі үстірттігінде. Ең бастысы, өзіне дейінгі 100 жыл бойы зерттелген зерттеулер, айтылған пікірлер, ұсыныстар немесе талдаулар ұмыт қалып барады. Яғни абайтану туралы пікір айтатын жаңа ұрпақ өткен мен бүгінді байланыстыра алмай жүр. Әркім өз сөзін өзі сөйлейді, өз пікірін өзі дәлелдейді, өз пікіріне өзі ұсыныс айтады. Басқа шығармашылық иелеріне мұндай пікір жарасуы мүмкін, Абайға жараспайды. Мені алаңдататын үлкен мәселе – осы. Өйткені кім Абайды түсінгісі келмеді дейсің, кім Абайды терең бойлап зерттегісі келмеді дейсің, кім Абай туралы жаңа пікір айтқысы келмеді дейсің?! Және ол айтылған пікірлер тегін пікірлер емес. Біз сол ғалымдардың айтылған пікірлерінің ұшығын ұстап, ары қарай жалғастыруымыз керек. Менің ойымша, Абай туралы Әуезовтен артып зерттеген ешкім болған жоқ, ешкім болмайды да. Мысалға, жадидтік ағым туралы Абай туралы еңбектерінде М.Әуезов айтқан. Сонда: «Шаһабуддин Маржани, Гаспараланы, Каюм Насыри, Ғабдукуді, Ғазалиді айтып, менің бетімді шығыстан бұрып кеткен ақынның бірі еді», – деп пікір түйдіреді. Ол пікірлер неге айтылды? Ол адамдар кімдер? Қандай бағыт ұстанды? Тіпті Ғабдукудің атын қате жазып, Ғабдукуді сынап жүрген абайтанушылар бар. Өзің білмеген нәрсеге қалам тартқаннан кейін, ең болмаса аты-жөнін дұрыс жазуға болады ғой. Осы салада білместіктер бар. Қазір Абайдың кейбір басылымдарын, Абай туралы кейбір естеліктер жинағын, мақалаларды оқысаң, Абайдың өзі айтқан сөздеріне теріс түсініктеме береді. Яғни Абайдың айтқысы келгені осы еді деп оны «бісмілләсіз» айтады. Кезінде шыққан, жарияланып кеткен пікірлерді Абайды жақсы көрсетеміз деп қысқартып, жөндеп, жұмырлайды. Бұл – үлкен қылмыс. Өйткені Абайды көзі көрген адамдардың естеліктері, оның айналасындағы тағдыр иелері туралы пікірлер – тарихи және өмірлік шындық. Егер ол шындықтарды боямалап, Абайды сүйкімді етіп көрсетеміз десек, қателескеніміз. Абайдан тағдыр иесін емес, періште шығарудың амалы. Абай бізге пенделік тіршілігіндегі тауқыметті тағдырымен, өзі өмір сүрген етекбасты тіршілігіндегі идеяға көтерілген тұлға ретінде қымбат. Иә, Мұхтар Әуезов өзінің «Абай жолы» арқылы ақынның идеалды бейнесін жасағысы келді. Ол – көркем шығарма, ол – Әуезовтің Абайы. Өмірдегі Абай бір басқа. Сондықтан да қазіргі жолайрығында тұрған абайтану мәселесінің ең бір қауіпті мәселесі осы деп ойлаймын.

Осы жолайрығындағы екінші қауіп: біз Абайды жаңа ұғым арқылы жаңа деңгейге көтеріп келеміз. Бұрынғы «батысым шығыс болды, шығысым батыс болды» немесе «бір-ақ әдебиеттен жеміс алып өркендеп өсті» деген жаттанды, таптаурын болған пікірге қарама-қарсы пікір білдіріп жатырмыз. Сол арқылы Абайдың шын өзі сусындаған бұлағына ұсақ-ұсақ тастармен бөгет қойып жатырмыз. Түбінде ол бөгеттерді Абайдың өз адамдары жарып әкетеді. Бірақ Абайдың алдына ақ не қара, ұсақ не ірі болсын, бөгет жасамау керек. Біз қабылдағымыз келмесе де, Абайдың батыстың лирикасынан алған сабағы үлкен. Қазақ поэзиясына кіргізгендегі басты жаңалығы – соларға негіз артқан. Ол үшін шығыстық ойдан қол үзіп кетпеген. Қайта Мәулананың, Румидің ұлы философиялық толғамдары Абайдың осы өлеңінде бір үлкен ой толқыны ретінде араласып, кеңдікке ие болған. Сондықтан да 5-10 жылдың көлеміндегі үлкен жолайрықта тұрған абайтану ілімі қай айрықпен екпін алып кететініне көз жетпейді. Жалған айрыққа түсіп кетсе, онда ол ілімді қайтарып, алдыңғы 100 жылғы зерттеулермен тоғыстыру үшін де бір толқынның уақыты кетеді. Сондықтан абайтанудан біз адасып қалмасақ екен деп ойлаймын.

– Абайдың туған күніне қатысты да түрлі пікір бар. Соның біріне арнайы тоқталған жөн бе? Жалпы, ұлы, белгілі адамдардың туған күн даталарына қатысты дау-дамай қажет пе?

– Абайдың туған күнін біреу – 10 тамыз, біреу – 13 тамыз, біреу – 15 тамыз, біреу 19 тамыз дейді. Осының барлығы да мұрағаттағы деректерге негізделіп айтылған. Олар Омбыда, Ленинградта, Орталық мұрағатта сақталады. Айтылған даталардың барлығы да көрсетілген. Қалай? Қазақтың және орыстың жыл санауында айырмашылық бар. Сондықтан кейбір ақын-жазушылардың туған жылдары бір жыл кейін не ілгері жүреді. Ол құжатты қай уақытта толтырғанына байланысты. Мысалы, 2011 жылдың 22 наурызына дейін толтырылса, бір басқа. 2011 жылғы наурыздан кейін толтырылса, екінші жас кетеді. Ол кезде «жыл ауысты» деген қазақтың ойлау жүйесінде жоқ. Қазақтың ұғымында Григориянның жылнамасы жоқ. Сол құжат қай жылы, қай күні қағазға түскеніне қарау керек. Екіншіден, жаңа календарь ауысқан күнде 13 күндік айырмашылық бар. Біреу оны 9 күнге өзгерткен, біреу 13 күнмен есептеген. Мысалы, М.Әуезовтің туған күні бірде – 16, бірде – 19 қыркүйек. Негізінде, біз 28-29 қыркүйекті алып жүрміз. Ол – Әуезовтің өзі кейіннен үйлестіріп, өз туған күнін өзі тойлаған күні. Сондықтан мұны өзгертудің қажеті жоқ. Біз сол күнді қабылдаймыз. Абайдың да туған күні осы сияқты. Мәселе, нешінші тамызда екендігінде емес, Абайдың туған күні тамызда. Жалпы нысана ретінде Янушкеевичтің күнделіктеріне қарау керек. Янушкеевич сол жылы тамыз айында Құнанбайдың үйінде болған. Сол күні күнделігіне: «Құнанбайдың жаңа туған баласының туғанына он күн болған, іші ауырып, Құнанбай соны ешкінің майымен майлап, табан астында жазып алды», – дейді. Міне, сол бала – Абай. Сол күн мен Янушкеевич көрсеткен күннің арасын шығарсаң, шамамен бір-екі күндік айырмашылық болса да, Абайдың туған күні белгілі болады. Ал Әуезов өзі тамыздың 10-ы деп айтты ма, соған тоқталу керек. Өйткені Әуезов те – Абайды көрген адам. Үрім-бұтақтарын көріп, солар белгілеген, Тұрағұл белгілеген күн. Сондықтан «ана данышпан былай көрсетіпті», «мұрағатта былай екен» деп алыпқашты пікір айта бермеу керек. Сол мұрағаттың қай күні, жылдың қай мезгілінде толтырылғандығына мән беру керек.

– Соңғы уақытта, аға, Абайдың діні, исламдағы ұстанған бағыты, тіпті намазы туралы да сөз қылуға келмейтін дүниелер дауға ілігіп жүр. Сол дұрыс па?

– Қазіргі абайтануда көтеріліп жүрген үлкен бір мәселе – Абайдың мұсылмандыққа қатысы. Бұл – сөз етуге тұрмайтын, күлкілі мәселе. «Абай мұсылман болған ба?», «Абай намаз оқымапты ғой» деген сөз не үшін керек? Ондай сұрақ неге қойылады? Сол сұрақты қойған адам өзі мұсылман ба, өзі Абайды оқыған ба? Өзі Абайды сыйлай біле ме? Екінші, «Құнанбай болмаса, Абай болмас еді, оған қалай қарайсыз?» дейді. Құнанбай болмаса, Абай болмайды, әкесіз адам дүниеге келе ме? Түсінікті ғой. «Қандай тәлім-тәрбиесін алды» деп сұрақ қойса, бір жөн. Бұл ретте елдің барлығының ұстанатыны – Тұрағұлдың естелігіндегі Абайдың бір ауыз сөзі: «Будда деген үлкен ілім екен. Әттең, қолыма кеш түсіп қалды, енді оның соңынан қуа алмаймын». Абай будда дінін қабылдайын деп айтып отырған жоқ. Будда дініндегі адамдық, қасірет, жақсылық-жамандық, түп ата, тек, қараңғы-жарық, нadandық-сауаттылық, адамның ішкі өзегі – иманы мәселелерін сол арқылы терең түсініп, білгісі келген. Мәселе – ілімде, ғылымда, дін ретінде қабылдауда емес. «Абай пұтқа табынам деген екен, әттең, өмірі жетпей қалыпты», – дейді. Егер Абай пұтқа табынам десе, табан астында қабылдар еді. Өз заманында Абайдың қанша жауы болды деп өрекпігенмен, Абайдың бетіне келетін адам болмаған. 1897 жылы Семейдегі 15 мешітің имамы бар, орта ауыл түгелімен Абайға «орыстың үлкен архирей побы келгелі жатыр. Дін туралы айтыс өткізбек. Егер біз осы айтыста жеңіліп қалар болсақ, онда қазақтарды жаппай шоқындыруға ұлы ағзамның қолы қойылмақ екен. Біз мұсылман дінін, Құранды толық білеміз, бірақ та қалған үш кітапты білмейміз. Абай осының бәрін біледі, осы айтысқа Абай қатысар ма екен?» деп кісі жібереді. Абай ұзақ ойланып отырып, келіскен. Айтылған күнде Семейге барған. Үлкен епископ архирей екеуі оңаша екі жарым сағат сөйлескен. «Мына қазақтардың молдаларынан бастап қазірден шоқындырамыз» деп есіктің алдында поптар тұрған. Үлкен хазірет молдалар «Аллалап» дұға тілеп жүрген. Сол уақыт ішінде Абай епископтың мұсылмандықтың ең бір нәзік тұстарына қатысты он жеті сұрағына жауап берген. Ал есік алдына шыққаннан кейін, поптар «ал шоқындық» десе, Епископ: «Жоқ, бұл халық шоқынуға дайын емес, мынандай адамы, ақыл иесі бар адамы бар ел шоқынбайды, бұл өз заманынан озық туған адам екен», – деп қайтып кеткен екен. Бұл екпін мұнымен басылмаған. 1902 жылы қазақты жаппай шоқындыру туралы қаулыға қол қойылып, іске кірісіп кеткен. Дін иелері Шаймардан Қосшығұлов пен Науан Хазірет Абайға хат жазған. Бұл хат Абайдың мұрағатында бар. Абайдың үйіне тінту жүргізіліп, үш ай мырза қамақта отыратыны – осы мұсылмандық қозғалысқа байланысты шаруа. Абайдың дүниеден бетін теріс қаратып кетуіне, үмітсіздігіне де осы шаруа үлкен әсер еткен деп ойлаймын. Өйткені мына заманның беті бері қайрайтынына Абай сенбеген. Алматы соборы, Астанадағы стадион тұрған жердегі собор, Қазақстандағы барлық соборлар кезінде қазақтарды шоқындыру үшін салынған. Оған 1902-1903 жылғы орыс-жапон соғысы, соғыста Ресейдің жеңіліп қалуы әсер еткен. Екінші рет 1905-1907 жылдардағы орыс революциясы осыған үлкен кедергі жасаған. Келесі шоқындыру 1914, Романовтар әулетінің таққа отыруына 300 жыл толу құрметіне байланысты жаппай шоқындыру болады. Шоқындыру қалай жүргізілуі керек, қазақ халқын қалай қырып тастау керек, барлығы архирейдің ұсынысында бар. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде шыққан әскер – шоқындыруға шыққан әскердің бөліктері. І дүниежүзілік соғысы басталып кетпесе, 1914 жылы жаппай шоқындыру әрекеті басталатын еді. Осының біліп, қарсы күрескен Абай қалай мұсылман болмайды?!

– Құнанбай әулетінен тараған Абай, Шәкәрім, Ақылбай, Тұрағұлдар – қазақтың маңдайына біткен біртуар данышпан ақындар. Ал Құнанбай балаларының ерекше қабілетті тууының сыры неде? Құнанбайдың Абайдың азамат ретінде қалыптасуына әсері қандай болды?

– Абайдың әке Құнанбайдан алған тәлімі туралы бір оқиға айтып берейін. Соның астарында талай мән жатыр. Абай болыс болып жүрген кезде, қат-қабат сайлау, даудамаймен араласып кеткен. Бұрын аптасына бір келіп сәлем беретін Абай үш ай бойы Құнанбайға келіп сәлем бермепті. Сол тұстағы бір дауға байланысты мамай жүртының биі келіп: «Сіз пәленбай мәселесін Абайға айтсаңызшы, кешегі басқару жүйесінде былай еді ғой», – деп Құнанбайға жүгініпті. Сонда Құнанбай: «Сол Абайыңды мен көрмегелі үш ай болды, сәлем айт!» – депті. Әкесінің көңіліне келіп қалғанын сезген Абай Құнанбайдың ауылына келіп, бір апта жатады. Таңертең келіп, сәлем беріп, әңгімелесіп кетеді, түстен кейін келіп, сәлемдесіп кетеді. Осылай бір апта өтеді. Енді қайтайын дегенде, Абайдың ойы бір нәрсеге байлана береді. «Тәте, мен жүрейін деп отыр едім. Рұқсат па?» – деп: «Байқаймын, сіз бір аптадан бері осы кітапты оқып жатырсыз, күніне екі-үш беттен ары аспайсыз. Оқисыз да ойланасыз. Сыры үлкен, сіз тоқтап оқитындай бұл қандай кітап еді?», – деп сұрайды. Сонда Құнанбай: «Балам, бұл тарихат қой», – десе, Абай мырс етіп күліп: «Бәлі, тәте, сізді мұсылмандықтың шыңына жетті десем, әлі тарихатта жүр екенсіз, тарихат деген діннің басы емес пе?» – дегенде, Құнанбай: «Әттеген-ай, сені жетті, ілімнің тұнығынан бастау алды, тамырын біледі десем, шала болған екен ғой, ертерек алып кеткен екеннін ғой, діннің басы тарихат екенін түсінбепсің ғой. Тарихатсыз дін де, шариғат та, мағрифат та, ақиқат та жоқ қой, апырмай, мен қателескен екеннін», – депті. Сонда Абай үндей алмай, сыртқа шығып кетіп, басын шайқап тұрып: «Мына шалың алдырмады ғой, мені жер қып кетті, оқуым шала екен ғой», – деп Абай жүріп кетіпті. Дүниенің тілін білетін Абай Құнанбайдың тарихатты қалай түсініп отырғандығын жете бағаламаған ғой. Абайдың білімі қандай? Ал Құнанбайдың биігі қандай? Міне, тәлім деген – осы. Біз ұқсақ, қу сөзді қуаламай, осындай тәлімдік жолдан мағрифат алуымыз керек. Төрт сатыдан тұратын дінді білген Абай, осыны білген Құнанбай шын мүмін мұсылмандар. «Алланың жалғыз екеніне жүрегіңмен сенген күні сен шын мүмін мұсылман боласын», – дейді Абай. Демек, Алланың жалғыздығын білген, түсінген, мойындаған Абайдың енді одан мойын бұрып, басқа дінге тамсанатындай жағдайы жоқ болатын.

– Абай болыс болған тұста заң шығарған ба? Кімдермен ақылдасқан? Ақиқат, шындық үдесінен қаншалықты шыға білген?

– Абай – өз заманының ұлы биі. Егер он үш жасына дейін биліктің жөн-жобасын біліп, игеріп, сөзге жауап қайтаратындай болмаса, онда Абай Абай болмас еді, Құнанбай Абайды сақа ғып сайламас еді. Құнанбай өзінен төмен тұсетін ұлын елге билік айтуға жібермес еді. Құнанбай «әділ, қатал, би болам» деген. Абайдың билігіне, ұғымталдығына, Құнанбайдың тәрбиесінде сол биліктің сол бабымен өмір сүргендігіне билік құрғандығына еш күмән жоқ. Тіпті атақты ұрылардың өзі «ұрлығым түссе, Абайдың қолына түссе екен, түспесе, Абайдың қолына түспесе екен» деп тілейтін. Осы екі сөзден-ақ Абайдың қандай би болғандығын білуге болады. Абайдың алдына келген адам шындығын айтпай, жазасын алмай шықпайды. Абайдың Қарамолла сөзінде қазақты билеу заңын шығарғаны рас. Жалғыз Абай емес, Абай төбе би болған, барлық заңдарды құрастырып, ретке келтірген. Оған отыздай би қол қойған. Кезінде орысшаға аударылып, Қазанда басылып шыққан. Абай жалғыз өзі заң шығармаған, өзге билер қатысып отырып, Абай төбе би болған. Хатқа жүйрігі, хатқа түсірген – Абай.

– Абайдың алашордашылармен байланысын айтып берсеңіз.

– Алаш идеясының түп-тамырының бірі жәдидтік ағымда жатыр. Жәдидтік ағымдағы алғашқы сауатын ашқан адам – Абай. Абайдың поэзиясы арқылы ұлттық идеяға алаштықтар келді. 1904 жылы Абайдың қолжазбасын Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов алдырған. Қолжазба Павлодардың түрмесінде компескацияға ұшырағанда, Әлихан Бөкейхановтың «басқасын қайтармасаңдар да, Абайдың қолжазбасын қайтарып беріңдер» деген түрмеге жазған хаты бар. Бұл ұлттық идеяның ұйытқысы Абай деп есептеймін. Ал Абай туралы алғаш Абайдың өмірбаянын жазған, кітаптың шығуына, құрастыруға ықпал жасаған – Әлихан Бөкейханов. Кәкітайға тапсырма берілді, олар жүзеге асырды. Абайдың өлеңдерін жинастыруға, әрине, негіз болған – Ә.Бөкейханов, Тұрағұл, Кәкітай Ысқақов. Кітап шығарда Мүрсейіт молданы шақырып алып, «өзің білетін Абайдың өлеңдерін көшір» деген. Ол кісі көшіріп шыққан. Содан кейін бүкіл үрім-бұтақтары ақылдаса келіп, өлеңдерді бөлім-бөлімге, тақырыпқа бөлген. «Біз ағайын-туыстың көңіліне келеді ғой деп кейбір өлеңдерді кіргізбедік, кейбір өлеңдердің орнын ауыстырдық. Баспаның тарапынан кеткен қателер көп, сондықтан алғашқы жинақты қайтадан шығару керек», – деп жазған Тұрағұлдың өзі. Соның өзінде «Абайдың қара сөздерін әдейілеп бермедік» дейді. Біраз ақаулықтар дейміз бе, ағайыншылдықтар алғашқы жинақта кеткен. Тұрағұлдың естелігінде мұның жай-жапсары жазылған. Екінші өкініші – аяқталмай қалған «Әзімнің әңгімесі». Мағауияның үйіне барып, жұрт әңгімелесіп отырса, біреу отқа қағаз жағып жатыр екен. Екінші біреу темекі тартып, әлгіні жыртып отырыпты. «Ой, мынау не?» – десе, Абайдың «Әзімнің әңгімесі» дастаны. Аяқ жағын отқа жағып жіберген, бас жағы қалған. Соның арқасында қалып отыр. Бұл басқа емес, Абайдың өзінің балаларының үйінде сақталған мұраға сондай сауатсыздықпен қараған. Ал кейінгі өлеңдерін жинақтағанда, басаяғында Көкбай болған. Көкбаймен үш айдай бірге отырып, Мұхтар Әуезов оны қағазға түсірген. Көкбай өлеңдерді жатқа айтқан. Жатқа айту бар, жазу бар. Осы екі ортада сөз бен сөйлемдерде ауытқулар кетуі мүмкін. Мектепте Абай өлеңдерін ауыл ақсақалдарынан естіп өстім. «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, ақылың мен қайратың екі жақтап» деп айтам мен. Ал кітапта «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, ақылың мен еңбегің екі жақтап» дейді. Қайсысы дұрыс? «Қайрат» дегенді біреу еңбекшілердің заманы ғой деп «еңбек» деп өзгертті ме, әлде мен қате жаттап алдым ба? Білмеймін. Мұны енді канон ретінде ұсынуға болмайды.

– Абай айналасына өнерлі жандарды жинаған ғой. Оған тарихтағы Біржан салмен кездесуі, қасында Әлмағамбет, Мұқа, Уәйістей әншілердің жүруі дәлел. Абайдың әнкүй тыңдап, думандатуына Құнанбайдың «мұсылманшылыққа жат» деп, қарсы болғаны рас па?

– Егер Құнанбай сондай болатын болса, Әмір сал қайдан шығады? Өзінің қойнында жатқан баласы ғой! Мұхамеджан қайдан шығады? Өзінің бауырында өскен, Абайдан гөрі иісі сіңген Ақылбай неге ән айтады? Биліктен кеткеннен кейін, Ақылбай Құнанбайдың баурында өсті ғой. «Ән айтқан сайтан болады» деген шала молдалардың ісі деп ойлаймын. Бұл әңгіменің мұсылманшылыққа ешқандай қатысы жоқ.

– «Абай жолындағы» жазылған оқиғалардың барлығы шынайы өмірден алынған ба? Өмір шындығы қаншалықты суреттелген?

– Дүниеде абсолютті және көркем шындық бар. Мыңдаған сюжеттерден бір сюжет құралады. Барлық өмірлік шындықтар екшеле келіп, сол арқылы тартыс, көркемдік шешім шығады. «Абай жолында» бір сөз шындық жоқ. «Абай жолындағы» көркем шындықта бірде-бір өтірік тағы жоқ. Әуезовтің шығармасы – Әуезовтің көркем идеясы. Әуезов: «Мен «Абай жолы» арқылы ақын Абайды және сол арқылы оның өлеңін дүниеге таратқым келді. Идеалды кейіпкер жасағым келді», – дейді. «Абай жолындағы» Абай – сөгіліп, өксіп, ақтарылып отырған Абай. Ойында бір «әттегенайы» жоқ. Соған сенесің. Сол шындық сені баурап алады. Міне, ол – Әуезовтің Абайы. «Мен қоғамдық талаптарға байланысты көркемдік талапқа бағындым, кейіпкерлердің өмірін қоғамдық қайшылықпен бейнелеп бердім. Мұны кейбіреулер түсінбейді. Тарихты сөзбе-сөз қайталау емес, мен тарих арқылы көркем шығарма талаптарына сай өзгерттім», – дейді Әуезов тағы да. Қодар мен Қамқа оқиғасы өмірде болған. Әуезов оны өмірде болмаған секілді жазады. Мен бұл екі ортадағы шындықты кем дегенде жеті-сегіз қайтара оқып шықтым. Әуезовтің авторлық сөзінде Қодар мен Қамқа оқиғасы болған деген де, болмаған деген де сөз жоқ. Ол тек Құнанбайдың, Байсалдың, Қаратай, Бөжейдің ойы арқылы беріледі. «Депті», «депті-міс», «деген екен» Әуезовтің сөзі емес. Жағымды-жағымсыз кейіпкердің атынан айтылғандықтан, солар жауап береді. Бөжей «болмады», Құнанбай «болды» дейді. Екеуінен барып кім сұрайды?! Әуезовтің ұлылығы – осында, авторлық текстке емес, оны көркемдік текстке, ойға кіргізіп отыр. «Абай жолының» 1940 жылғы бірінші нұсқасында «болды» деп жазылған. Оларды «жер қабылдамайды» деп өртеп жібергені де рас. Әлі күнге дейін Қаражартастың түбінде Шәкәрімнің қорасының алдында тас сол күйі жатыр. Қайта оны Әуезов жазбаған. Екінші, Мұсақұл соғысында Абайдың би болып жүруі мүмкін емес. Соғыс 1845 жылы 16-19 қыркүйекте өткен. Янушкеевич келіп кеткеннен кейін: «Құнанбай қатты қатуланып, жылдам, асығыс аттанып кетті. Біз қоштастық», – дейді. Сол кеткенде Мұсақұл соғысына бара жатқан еді. Ол кезде Абай қырқынан шықпаған. Тіпті, Бөжейдің асында Абай жорғамен ет тасытып, тойды басқарып жүруі мүмкін емес. Өйткені Бөжей 1850 жылы қайтыс болған. Абай ол кезде бес жаста. Қанша жерден Алпамыс секілді тез өсіргенімен де, ыңғайға келмейді. Ал Қодардың оқиғасы 1834-39 ж.ж. болған. Абай көрген жоқ. Әуезовтің блокнотында: «Қодар мен Қамқа оқиғасын Абай естіген болуы мүмкін», – деп жазылы тұр. Жалпы, көркем шындықтың заңы бойынша тарихи шығармаларға жеті түрлі шарт қойылады. Сол қоғамда болған оқиға болатын болса, оны тарихи шығармада пайдалануға болады. Егер Абайдың өзіне тиесілі өмірлік шындықты тізбелей берсек, Абай романы бола ма? Құр Абай туралы шындықтар тізбеленіп тұрады. Жазушының мықтылығы – соны қиыннан қиыстырып әкелгендігінде. Жаңағы оқиғаларды алып тастаса, Абайдың бірінші, екінші кітабы да шықпайды. Әуезовтің ұлылығы – осында!

Әңгімелескен
Жадыра ЖҰМАКҰЛБАЙ

? БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Абай ескерткіштері қанша елде бар?

Абай Құнанбайұлының шетелдерде ескерткіштері бар ма? Қай мемлекеттерде Абаймен аттас жер-су атаулары бар?

Ғани ТҰРҒЫНБЕКОВ, *Тараз қаласы*

Қазақтың бас ақынына көптеген шетелдерде ескерткіштер қойылып, көше аттары берілген. Мәселен, бұған Түркияда – Ыстамбұл мен Анкарада, Ресей астанасы Мәскеуде, Иран астанасы Тегеранда, Қырғызстан астанасы Бішкекте және ТМД елдеріндегі басқа да ескерткіштер дәлел бола алады. Мәскеуде 2006 жылы қойылған ескерткіштің авторлары: мүсінші Марат Әйнеков, дизайншы Тимур Сүлейменов, суретші Эдуард Дробицкий мен сәулетші Вячеслав Романенко. Ал Дели, Каир, Берлин, Ташкент және тағы бірқатар шетел астаналарында Абайдың атына көше берілген. Орталық Тянь-Шань тауындағы шыңдардың бірі Абай Құнанбайұлы есімімен аталады. Орта Талғар шатқалында да ұлы ойшылдың атындағы шың бар.

Абай неше әйел алған?

Ел аузындағы кейбір әңгімелерде Абайдың көп әйелі болғаны айтылады. Шындығында, Абай өмірде неше әйел алған?

Жәнібек ЖҰМАБЕКҰЛЫ, *Талдықорған қаласы*

Әдебиетші ғалым Тұрсын Жұртбаевтың пікіріне жүгінсек, Абай үш рет неке қидырған. Ең үлкен бәйбішесі Ділдәға он алты жасында үйленген. Ділдә – әйгілі Қаз дауысты Қазыбек бидің тұқымы, Алшынбайдың Жүсіп деген баласының қызы. Ділдә Абайдан екі жас үлкен болған. Одан кейінгі өзі сүйіп қосылған жары – Әйгерім. Ал кейіннен інісі Оспан қайтыс болғанда оның жесірі Еркежанды әмеңгерлікпен алған.

М.Әуезовтің 1936 жылы жазылған «Татьянаның қырдағы әні» деген алғашқы әңгімесі мен 1943 жылы шыққан «Абай» романында Ділдә Абайдың «балаларымның анасы» деп қадір тұтқан сүйікті әйелі ретінде бейнеленген. Алайда 1947 жылы екінші кітап баспаға кететін тұста осыған байланысты үлкен дау туады. Өйткені Әуезовтің суреттеуінше, романның бірінші нұсқасында Әйгерім жағымсыз кейіпкер болады. Соған орай, «Мұны өзгертпесең болмайды. Әйгерім – кедейдің қызы» деген сын айтылады. Алғашында «Өзгертсем, шындыққа қиянат келеді. Елдің көзіне қалай қараймын» деп ұзақ тайталасқан Әуезов ақырында романды өткізу үшін Әйгерімді жақсы образға шығарады.

Абай, Мағауия, Еркежан, Кәмәлия, Тұрағұл, Әубәкір, Пәкизат. 1903ж.

Алаш айнасы
e-mail: info@alashainasy.kz
№139 (591)
10.08.2011 жыл
сәрсенбі
www.alashainasy.kz

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

ТАНЫМ

Абай – жеті қазына иесі

Қазақтың төрінде де, одан да бұрын санасы мен жүрегінің төрінде тұруға әбден лайық бірден-бір тұлға болса, ол – Абай. Биологиялық ғұмырын сонау XIX-XX ғасырда сүріп кетті деген жаратылыстың кейбір шарттылығы болмаса, Абай әлі күнге тірілерден де тірі. Ақындығы, хакімдігі, даналығы, болыстығы т.б. қырлары өз алдына, Абай қазақтың басқа ешкімге ұқсамайтын ерекше қырларымен астасып, біте қайнасқан кәсібі, машығы, атап айтқанда, аңшылық, саятшылық, атбегілігі жағынан да алда болған. Бір сөзбен айтқанда, Абай – нағыз ерге тән жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық секілді жеті қазына иесі, сегіз қырлы, бір сырлы жан.

Мәриям ӘБСАТТАР

ДҮНИЕНІҢ БІР ҚЫЗЫҒЫ – ҚЫРАН БҮРКІТ...

Абайдың көзі тірісінде жарық көрген шығармалары қатарында «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ...» және «Қансонарда бүркітші шығады аңға...» деп баста-

латын екі өлеңі де – ғылым үшін аса қымбат нұсқалар. Абай өз кезінде аңшылық қылу, бәйгеге ат қосу, палуан күрестіру, қаршыға, лашын салғызу, жүйрік ат сақтау, қасқыр соққызу сияқты дүниелерді басынан өткерді. Жасынан аңға құмар Құдайбердінің қыстауы тау ішінде болғандықтан, ол Абайды ертіп алып, «саған көрмеген қызығыңды көрсетейін» деп, тауға бірге алып шығып, бірнеше күн аңшылық құрады екен.

Абайдың аңшылығы, саятшылығы жөнінде ұлы Тұрағұлдың, Мәдиар, Қатпа, Әрхам естеліктерінде сақталған. Абай мұражайының қорындағы осы деректер жайында бізге мұражай директоры Жандос Әубәкір айтып берді.

Жандос ӘУБӘКІР, *филология ғылымының кандидаты, доцент:*

– Тұрағұл өз естелігінде: «Бір ғадаты жақсы атқа, қыран құсқа құмар еді. Өзі екі-үш жыл салтанатын келістіріп, құс бәйгелерін, мергендерін сайлап, құс салыпты. Балаларының әрқайсысына құс салғызды, бірақ ұзақ уақыт құсшы болған жоқпыз. Біреудікін алып, біреуге сапырып отырады. «250 шамалы құс қолыма келіп-кеткен шығар. Тулақтың шолағындай құс көргенім жоқ», – деп айтып отырушы еді... Өз атымды өзім мінемін, өз құсымды өзім саламын деп, ат пен құс секілді асылы бар кісі қаптал сеніп отыра алмаушы еді», – деп айтады. Бәшей, Мыбанбай, Қоржанбай дейтін кісілер – Абайдың ұдайы салбырынға ертіп жүріп, аң атқызатын мергендері де, Тұрғанбай деген саятшы – үнемі Абайдың өз құсын ұстайтын құсбегісі.

Салбырынға шыққанда Абай соғымын, ат-тонын, жолдастарын сайлап алып, бірер айға тұтас кетеді. Саятшы інілері, туысқандарымен бір қос емес, бірнеше қос болып шығады. Кейде түлкі жүретін, ел арасындағы қиын таулар ға барып та, құс салады.Мұндайда көбірек баратыны – Сыбан жеріндегі Арқат тауы. Бір рет сол Арқатқа Жиренше екеуі құс сала барады. Қастарында атақты саятшы жігіт Абылғазы бар және Абайдың құсбегісі Тұрғанбай болады. Абай өзі де құстың сынын, бабын жақсы білген.

Ал Абай заманында бүркіттей текті құсқа ие болудың өзі арзан тұрмаған, деректерге жүгінсек, «XIX ғасыр соңында бүркіт алғырлығына қарай түйе бастатқан тоғыздан бастап, бес-алты түйеге тең келген. Шу мен Сырдарияда – бес-алты түйе, қаршыға мен сұңқар бір-екі түйеге бағаланған. Семей губерниясында жақсы бүркітке 250-300 сом немесе 1000 (мың) бас қой берген» *(Б.Хинаят пен Қ.Исабеков «Саятшылық». – «Алматыкітап» баспасы, 2007 ж.).* Ұлы Абайдың Көкшегір, Қарашолақ деген бүркіттері болған. Сол Қарашолақты ұлы ақын Тулақ деген кісіден он шақты ірі қараға сатып алған. Шыңғыс тауының етегінде құсбегілік жасап, салбырынға шыққандағы ұлы ақынның күйттегені өз жан рақаты ғана емес, қазақтың осындай тектілігінен ажырамай, саятшылығын дамытып, жас ұрпағына мұра болып қалуына бар жанын салу еді.

«ШОҚПАРДАЙ КЕКІЛІ БАР, ҚАМЫС ҚҰЛАҚ»

«Аттың сыны» – жаратылыстың жанды бір бейнесі болған бәйге атына арналған өлең. Барлық сыны сырт сымбатынан

көрінетін көліктің жайын кекілі, құлағынан бастап қолмен қойғандай етіп шебер баяндап шыққан Абай әсіресе бәйге атының мүсінін сынауда үлкен білімділік, байқампаздық танытады. Ол әрі шебер ақын болудың үстіне, аса білгір саятшы, атсейіс сыншы болып шығады. Аттың бар мүсінін сынап шығуда, әсем жырмен, үлкен шешендікпен шебер сыпаттауда ақын қазақ тілінің осы жөніндегі мол байлығын да танытады.

Ахмет ТОҚТАБАЙ, *тарих ғылымының докторы, «Қазақ жылқысының тарихы» кітабының авторы:*

– Аттың сыны дегеннің өзі – қазақ халқының интеллектуалдық өнерінің үлкен бір саласы. Атақты сыншылар сәйгүлікті құлын кезінен танып-білген. Осы ат сынына байланысты қазақта 200-ден астам сөз бар екен. Мен оны өзім арнайы өз еліміздегі, шекара сыртындағы ағайындар арасын да аралап жүріп, көнекөз қариялардан жазып алдым. Мысалы, бір ғана бастың сыны 25-тен асса, одан бөлек құлақ сыны, омырау сыны, белі, мінезі т.б. бар. Бұл өзі – тұтас бір ғылым. Ал ат сыны жайлы алғаш қағазға басылған терминдер, біріншіден, батырлар жырында, жыраулар поэзиясында, содан соң, әрине, Абай өлеңдерінде кездеседі. Абайдың «Аттың сыны» өлеңі мен Нұртуғанның өлеңдері – ат сыны жайлы туындылардың шоқтығы биік эталоны.

АБАЙ – ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ҰЙЫТҚЫСЫ

Қазақы дүниетанымға баулып, қазақша ойлауға үйрететін интеллектуалды спорттық ойындардың бірі – тоғызқұмалақ, сондай-ақ дойбы да қазаққа жат болмаған. Деректер дойбының жалпы қазақ жеріне 1740 жылдар шамасында келгенін айтса, Абайдың атасы Өскенбай, өз әкесі Құнанбай, сондай-ақ атақты Кемпірбай ақын және олардың көптеген замандасы дойбыны құмарта ойнағанын нақтылайды. Абайдың Жидебайдағы мұражайында ұлы ақынның дойбысы әлі күнге дейін сақтаулы тұрғаны ақынның ата жолын тәрк етпей, осы ойынды өзінің де ойнағанына нақты дәлел бола алады. Абай заманында тоғызқұмалақ пен дойбының ерекше даму деңгейіне көтерілгендігі жөнінде Абай елінің ақсақалы, шежіреші, этнографы Молдабек Жанболатов былтыр ақынның 165 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде айтып өтіп еді: «Көрпебай Боранбайұлы деген адам дойбы, тоғызқұмалақ ойындарының өте үлкен шебері болыпты. Ол кісінің бұл өнерге берілгені сонша, тоғызқұмалақтың тақтасын қаңжығасына бөктеріп алып, ел аралап жүріп ойнайды екен. Тіпті бір айналып, өз ауылының маңына келгенде: «Біздің үй аман ба? Мал-жан аман ба?» – деп жолай кездескен ауылдастарынан сұрап, амандығын білген соң, әрі қарай ел аралап кете береді екен. Сондай-ақ Абай өмір сүрген тұста, одан бұрын да Қарабас деген бір атаның ауылы еңбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейін дойбы ойнаған. Ол ауылдың дойбы ойынына жетік болғаны соншалықты, ат үстінде келе жатып, «сен ұзын жол жүрдің», «мен қос үйге қойдым» дегендей ауызша ойнайтын дәрежеге жеткен. Ал Абай сол өнердің жанашыры, қолдаушысы, демеушісі болған екен.

– Жалпы, Абайдың тоғызқұмалақшылығы туралы бізге ақынның шәкірті Көкбай Жанатайұлының жазбалары арқылы жеткен, – дейді Абайдың «Жидебай-Бөрлі» қорық-мұражайының директоры Жандос Әубәкір. – М.Әуезов бастаған Абай өмірін зерттеушілер де ақынның тоғызқұмалақты аса құмарта, шебер ойнағанын жазады. Ақын үшін тоғызқұмалақ шығармашылық шабыттан сәл тыныс алудың, көңіл бөлудің бір түрі сияқты болды. Ол – тоғызқұмалақты кім болса сонымен ойнамай, шебер ойыншыларды ғана таңдаған. Сол шеберлер ойынын жалпы жұрт қызықтайтын жүйелі жарысқа айналдыра білген. Ақынның немере інісі, өзі де Абайдың тоғызқұмалақ, дойбы мектебінен шыққан Әрхам Ысқақұлы естелігінде: «Аздап қолы босағандай болған соң, Абайдың алданышы – қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақ, дойбы ойнау. Бұрыннан ойыншы деп атақ алып

жүрген Көтібақтан Көрпебай, Куду, Мамайдан Сымағұл дегендерді шақырып алып, ойын әдісін үйренеді. Өзі ғана үйреніп қоймай, інісі Ысқақты, ағайыны Ырысалдыны, Мұхаметжанды, көршісі Текжан, тағы бірнеше жасты қатыстырып, күні-түні бас алмай ойнайды. Бұл ойын – бұрынғы елдің ұсақ өсегі, өтірігінен басқаша бір думан, сауық. Бәсекелі жарыс, өнер табар мектеп сияқты болып біреуден біреуге тарайды. Жастардың ынтасын аударады», – деп ақын ағасының шебер ойыншы болғандығын айтады. Ойын барысында әзіл-оспақ, әңгіме, бірқақпай жыр қақтығыстарына да ерік беріп, ойынға қатысқандар үшін, ресми болмаса да, бәйге белгіленген.

Абайдың сан қырын бір мақалада айтып тауысу мүмкін емес. Ақынның тағы бір жан қалауы – кітапқұмарлығы. Құнанбайдың Айғыз атты әйелінен туған інісі Халиолла Омбы кадет корпусында оқыған. Сол інісі әр демалысқа келген сайын Абайға кітап әкеліп беретін болса, баласы Әбіш те оқуда жүргенде әкесіне әрдайым кітап жөнелтіп отырған. Кейін сол інісі Халиолла науқастан қайтыс болады. Сондай оның Омбы кадет корпусынан алып келген бір сандық кітабын Абай қалап алған екен. Семейдегі Абай оқыған Ахмет Риза медресесінен табылған мол кітап қоры да оның осы қырын айғақтайды.

ЗЕРДЕ

Батыс әдебиетін қазақша тәрбиелеген тұңғыш аудармашы

Абай – ұлы аудармашы. Қайткенде де, ақынның аудармалары – өзінің төл туындылары секілді, елдің жоғын жоқтап, мұңын мұңдаған туындылар. Абай – Батыс әдебиетіне аудармашы ретінде алғаш жол салушы. Ол қазақ әдебиетін Лермонтовтың «Бородиносынан» бастап, аударманың небір жауһар үлгілерімен толықтырды.

Біріншіден, Абай – талғампаз аудармашы. Адамгершілікті дәріптеуге, жаман мінез-құлықты шенеуге құрылған аудармалар М.Ю.Лермонтовты аударудан бастау алды. Идеялық мазмұн мен көркемдік эстетиканың үндескен тұсы да осы болса керек. Кезінде Мұхтар Әуезов өте жоғары баға берген «Қанжар», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Теректің сыйы», «Желкен» секілді аудармалары – ақын шығармашылығында бір төбе. Абай Лермонтов шығармаларына неліктен ден қояды? Бірқатар зерттеушінің осы тақырыпқа бара бермеуі абайтану ғылымының күңгірт тұсы болса керек. Тура аударма мен еркін аударманың парқын бізге Абайдың аударма дәстүрі ажыратып бергендей. Сөзбе-сөз аударма шумақ, бунақ, буын ұйқастарына қарай өзара екіге бөлінеді. Кейбір өлеңдерді аударғанда Абай өлеңнің шумағын да, ұйқас түрлерін де берік сақтайды. Аударған өлеңдерінің буынын қазақша дәл беру мүмкін болмаса, саны жағынан соған жақын келетін өлеңмен аударады. Абай Лермонтов өлеңдерін аудару барысында әлеуметтік-эстетикалық танымы мен шығармашылық нысанын білдіретін ұғымдардың аттарын аударуда ықшамдау принципін ұстанады. Абай аудармаларындағы мазмұны дәлме-дәл аударылған «Менің сырым, жігіттер, емес оңай» («Я не хочу чтобы свет узнал») деген өлеңнің көлемі екі тілде де – 16 жолдан. Бұлай аудару үлкен шеберлікті танытқанын айтсақ, орынды. Айта берсе, Абай аудармалары шетінен оның асқан талант иесі екенін дәлелдейді. «Көңілім менің қараңғы, бол, бол, ақын» шығармасы да – осындай әсерлі өлеңдерінің бірі. Бұл – Байронның «Моя душа темна» атты туындысын еркін аударған М.Ю.Лермонтов нұсқасы. Ақынның көзі тірісінде орысша нұсқасы «Отечественные записки» журналында басылып, кейін өзінің жинақтарында бой көрсетті. Абай осы өлеңнің алғашқы сегіз жолын ғана аударып, 1933 жылға дейінгі жинақтарда «Бол, бол, ақын» «Бұлбұл ақын» болып басылып келгені аян. Алғашқы басылымдарда «Еврей күйі» деп берілсе, кейінгі басылымдардың барлығында «Лермонтовтан» деп қана беріліп жүргендігі – Абай аудармаларын зерттеушілердің назарына ілігер дүние.

Мәтіндерді салыстырайық.

Түпнұсқада:
Душа моя **мрачна!** Скорей,
певец, скорей!
Вот **арфа** золотая:
Пускай персты твои,
промчавшиеся по ней,
Пробудят в струнах **звуки рая.**
И если не навек надежды рок унес,
Они в груди моей проснутся,
И если есть в очках
застывших капля слез –
Они растают и прольются.

Аудармада:
Көңілім менің **қараңғы.**
Бол, бол, ақын!
Алтынды **домбыраңмен**
келші жақын.
Ішек бойлап он саусақ жорғаласа,
Бейіштің үні шығар қоңыр салқын.
Егер сорым түбімен әкетпесе,
Керек қой көңілді үміт тебірентсе.
Қатып қалған көзімде
бір тамшы жас

Төгілмей ме, бой жылып, ол да ерісе?!

Лермонтовтың ойы, көңіл күйі аудармада анық, дәл түпнұсқадағыдай берілген. Абай «арфа» сөзін «домбыра» деп, «звуки рая» тіркесін «бейіштің үні» деп қазақ оқырманының тіліне сай етіп, өте жатық аударыпты. Сол заманда арфаның не екеніне барлау жасайтын оқырманды таппассыз. Аудармашы «Пускай персты твои, промчавшиеся по ней» – «Ішек бойлап он саусақ жорғаласа» деген тармақтың да баламасын ұйқасқа қарай да, мағынаға қарай да тауып қолданады. Абай аудармалары әркез жоғары бағаланып келеді. Филолог ғалым Қажым Жұмалиев кезінде: ***«Абайдың орыс классиктерінен алған өте бір құнды әдісі – сөз арқылы қаһармандарының мінез-құлық, ішкі сыр-сипатын ашу. Бұл – психологиялық суреттеуде ерекше әдіс»,*** – деген. Себебі орыс әдебиетінің құр өлең формалары мен дәуірдің тынысын беруден гөрі, оның психологиясына барлау жасаудағы бірінші қадам Абайдікі еді.



Абайдың өз шығармаларының аударылуына келсек, Абайды аударуда аудармашылар, негізінен, оның қара сөздеріне ден қояды. Ұлы ойшыл өзінің қара сөздерінде қазақ халқының мінезін, бітімін, ойларын нақты көрсеткен. Ұлы ақынның ой маржандары Кеңес үкіметі кезінде орыс тіліне аударылып, 15 республикадағы 150 ұлтқа таралған болатын. Кейіннен ұлы ойшылдың артына қалдырған сөздерін әлемдегі ең көп қолданылатын он шақты тілге аударған «Халықаралық Абай клубының» еңбегі зор. Қоғамдық бірлестіктің ұйымдастырушысы әрі орыс тілінде жазатын жазушы – Роллан Сейсембаев. Кейіннен Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды. Ал Жақында Белоруссияда Абайдың «Дала еркіндігі» атты кітабы белорус тілінде жарық көрді.

Әуезхан Қодар, *ақын, мәдениеттанушы:*

– Абай аудармаға өзінің төл шығармасы ретінде келген. Қазірде «мәдениетке шөлдеу» деген түсінік бар. Абай – осы мәдениетке шөлдеген ең бірінші қазақ. Оның бар шығармашылығы осы мәдениетке шөлдеуден туған. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы». Осы сөзбен-ақ ол қазақтың дәстүрлі поэтикалық болмысын сынайды. Мен Абайды керемет, ұлы, ғажап адам деп санаймын. Тек қана қатардағы талантты адам деп санаймын. Мұным – Абайды кемсіту емес, әрбір адам талантты деген сөз. Абай – жай аудармашы емес, философ аудармашы. Ол кісіні өзім де аударғанмын. Бірақ 1995 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойына орай Мәскеуден келген бригаданың аудармалары көңілімнен шықпады. Себебі жұтаң аударып, Абайдың мінезін таныта алмады. Оның ең әйгілі лирикалық туындысын былай аударады: «Ты – зрачек глаз моих, пламень уст дорогих». Қазаққа әсер еткен дүние, әрине, мұндай аудармадан кейін ешқандай әсер ете алмайды. Мен оны: «Ты – очей моих свет, Ты – души моей цвет, Заболел я тобой, исцеления нет», – деп аудардым Абайды аудару үшін оған өмірінді арнауың керек. Абайдың қара сөздерін В.Шкловскийдің «Русские видят мир и мы должны учиться у русских» деп аударғаны бар. Ал Абайда ондай сөз жоқ. Абайдың «орыстан үйрену керек» деп жазғанын солай таяз түсінген болуы керек. Абайды аударғанда, меніңше, одан алшақтап кетпеу керек. Шынын айтқанда, қазір Абайға жаңаша көзқарас жоқ. Кезінде мен осыған қатысты аудармамда өз ойымды айтқанмын. Қазір Абайдың қара сөздерін «книга слов», «слова-назидания» деп аударып жүр ғой. Мен бұған қарсымын. Арабтың «ғақлия» деген сөзі «ой» деген мағынаны береді. Сондықтан оны орыс тіліне «размышление» деп, әрбір сөзін «монолог» деп аудару керек. Сонда біз Абайды тура Еуропа мәдениетінің ортасына шығарамыз. Өйткені Абай – әлемдік әдебиеттің ірі өкілі.

Ардақ ҚҰЛТАЙ

? БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Абайдың әжесі Зере

М.Әуезовтің «Әжемнің әңгімесінде» бала Абайдың әжесін ерекше сыйлап, жақсы көргендігі суреттеледі. Абайдың әжесі Зере қандай адам болған?

Жанат ПАРАСАТҚЫЗЫ, *Алматы облысы*

Абайдың әжесі туралы М.Әуезовтің «Абайдың туысы мен өмірі» атты мақаласында былай деп жазылған: «Шешесі (Құнанбайдың – *Алаш айнасы)* Зере кісі ренжітпейтін жұмсақ мінезді әйел болған. Ол уақыттағы бәйбішенің бір сыны – күндестік дегенді білмей, кең мінезді болу. Зере бәйбіше осы жағынан көп мақталады. Күндестердің балаларын өз балаларындай асырап, еркелеткен деседі. Зере күйеуі Өскенбайдан да көп жасаған, би 1850 жылы 72 жаста өлген екен, бәйбішесі 90-ға келіп өліпті. Мұның ақын болатын немересі Абай жас бозбала күнінде елдің бәрі Зере бәйбішені «кәрі әжем» деп қадірлейді екен. Кәріліктен құлағы естімейтін болған соң, немерелеріне дұға оқытып, үшкіртеді екен. Сонда немересі Абай кәрі әжесінің құлағына өлеңді айтып келіп үшкіргенде, «е, қарағым, құлағым тәуір болып қалды» деп ырза болады дейді».

Абайдың портретін салған кім?

Абайдың көзі тірісінде суретін салған суретшілер болған ба? Болса, ол портрет қайда сақталған?

Еркін ЖАҚЫПБЕК, *Ақмола*

Абайдың көзі тірі кезінде салынған жалғыз портреті бар. Оны 1887 жылы Абайдың орыс достарының бірі П.Д.Лобановский салған. П.Д.Лобановский Ресейде өтетін жәрмеңкеге «Семей облысындағы қазақтардың типтері» атты портреттер топтамасын дайындаған болатын. Осы топтаманың №6 суреті – Абай суреті. Суреттің астында «Почетный киргиз Ибрагим Кунанбаев Чингизской волости Семипалатинского уезда. 45 лет от роду. Состоит членом областного статистического комитета» деген жазу бар. Бұл топтама Семей қаласының өлкетану мұражайында сақталып келген. 1964 жылы Мәдениет министрлігінің арнайы бұйрығымен Абай мұражайының қорына берілді.

ӨЗГЕРГЕНДІ КӨЗ КӨРГЕН

Кеше

Абай Құнанбаевтың Жидебайдағы кесенесінің кешегі және бүгінгі көрінісі.

Бүгін



АЛТЫН КӨМБЕ

«Дүние үмітке сүйенеді...»

Өлеңдері мен әндері, қара сөздері өз алдына, Абайдың ел жадында жатталып, аңызға айналған ғибратты тәмсілдері мен тапқырлық сөздері де өте көп. Сол шағын әңгімелердің өзінен Абайдың ұлылығы байқалады. Демек қай заманда да қазақ үшін Абай – даналық көзі. Сондай-ақ Абайдың ақыл қайнары қазақ халқымен мәңгі бірге жасай бермек...

Жидебайдағы Абайдың музей-үйі.

АБАЙ МЕН БІРЖАН САЛ

Біржан салдың Абай ауылында болғанын, атақты екі жанның бірін-бірі аса құрмет тұтқанын Мұхтар Әуезовтің шығармаларынан жақсы білеміз. Ел ішіндегі әңгімеге жүгінсек, Абай Біржан мен Сараның айтысын әншінің өз аузынан естіп, оған өзіндік бағасын берсе керек:

– Сені Сара жеңген екен және бір емес, үш мәселеде жеңіпті, – депті Біржанға. – Сен: *«Әуелі қазақшалап көрісейік,*

Жарқыным, берірек кел, жасың кіші», – дегенінде Сара:

«Адамды топырақтан жасады хақ,
Надандығың білінсін бұл сөзге хақ.
Хауаға бұрын барған Адам ата,
Жоқ па еді естігенің мұны да, ақымақ», – деп сені ұтып кетті. Одан мені мақтап едің, «антұрған аты құрсын Абай деген, жылатып мұсылманды талай жеген» деп бір мені емес, барлық тобықтыны түйреп өткен. Бұл сөзді мені кеміту үшін емес, сені жеңу үшін айтты. Ақырында «күйеуің жаман екен» деп атастырған адамына тиістің. Сара болса: «Қажы аға, күні құрсын ұрғашының, билігі болмаған соң бір басының» деп, әйел теңдігінің жоқтығын айтып жеңіп кетіп отыр сені. Сара Жиенқұлды сүйіп тигелі отырған жоқ, малға сатылды. Ол – қыздың кінәсі емес, заманның кінәсі. Сара осы жағынан сені жеңіп кетті.

Біржан еліне аттанарда оны шығарып салып тұрып Абай:

– Енді сендей әншіі туар ма екен?! – депті. Сонда Біржан:

– Қазақтың жері кең, елі өнерлі, мендей әншілер әлі де шығады. Бірақ сендей тыңдаушы туар ма екен?! – деген екен.

Қазақтың екі ұлы өнерпазы бір-бірінің бағасын осылай асырған екен.

АБАЙДЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда Абай келіп сәлем береді. Ол кезде Абайдың жас шағы екен. Абайдың тапқырлығын, өлең шығаратындығын естіп жүрген шешен баланы қасына отырғызып:

– Шырағым, дүние неге сүйенеді? – деп сұрайды. Абай:

– Дүние үмітке сүйенеді.
– Көздің көрмесі бола ма?
– Көз қабағын көрмейді.
– Шам жарығының түспесі бола ма?
– Шам жарығы табанына түспейді.
– Болат пышақтың кеспесі бола ма?
– Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.
– Тамағына тартпайтын мақлұқат бола ма?
– Өз тамағына тартпайтын мақлұқат болмайды, – дейді бала Абай.

Жауабына риза болған шешен оған өлең түрінде жазып беруін сұрайды. Сонда Абай:

Сіз сұңқар самғай ұшқан қиядағы,
Талпынған мен балапан ұядағы,
Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,
Дүниенің жалғыз үміт тиянағы.

Көз көруі жетпейді қабағына,
Шам жарығы түспейді табанына.
Өз сабын болат пышақ өзі кеспес,
Мақлұқат тартпай қоймас тамағына, – депті.

Ет желініп, қымыз ішілгеннен кейін Абай:

– Ата, сізден сұрақ сұрауға бола ма? – дейді.

– Е, шырағым, сұрай ғой, – депті Жанқұтты.

– Ата, арзан не, қымбат не, дауасыз не? – депті Абай. Жанқұтты:

– Шырағым, арзан – өтірік, қымбат – шындық, дауасыз – кәрілік емес пе? Жанарыңның оты бар екен – ақындығың шығар, маңдайың жазық екен – ойлылығың шығар, халқыңның қалаулы азаматы бол, – деп батасын беріпті.

АБАЙДЫҢ ЖАНАШЫРЛЫҒЫ

Әзберген Құлайғырұлы деген кедей ақын болыпты. Бала-шағасын асырай алмай қиналыпты. Бір жыл көшерге көлік болмай, жатақта қалыпты. Балалардың үнемі таусылған соң, амалсыз ел торыса, бес сәйгүлік далада тұсаулы жүр екен. Бәрін ұстап алып келіп, сойғанын сойып, балаларын тамақтандырып, соймағанын өткізіп жіберіпті. Жылқы ішінде Абайдың досы әрі құрдасы Көжекбайдың көпке әйгілі көкбестісі бар екен. Әзбергеннің ұрлағаны анықталып, Абай мен Көжекбай бастаған билер алдына алып келіпті.

Билердің алдына келген Әзбергенге: «Не айтарың бар?» – дегенде, өлеңдетіп былай депті:

Абай аға, менде жоқ не кемшілік,
Істеткен мұны маған кедейшілік,
Бес сәйгүлік ішінде көкбесті бар,
Болмаса бір өзіңнен демеушілік,
Биік қалай қарайды аласаға,
Үйімде көп боқташақ бала-шаға,
Бала-шаға аштығы жаман екен,
Өзіңіз жарамасаң арашаға, – дегенде, Байзақ деген кедей би Абаймен қатар отыр екен, ол кеңкілдеп жылап қоя береді. Орайсыз жылаған Байзаққа Абай: «Сен неге жыладың?» – дейді.

– Үйімде бала-шағам көп еді, Әзбергенге ұрлық істеткен кедейшілік пен бала-шағаны ойлап, көңілім босап кетті, – депті Байзақ.

Абай Байзақты әділ, адал адам болған соң (өзі де өлеңге қосқан) қатты сыйлайды екен. Көжекбайға қарап:

– Өй, Көжекбай, сенің көк бестіңді мен міндім, маған сыйлайсың, – деп бадырая қарапты.

Сонда Көжекбай ұшып түрегеліп:

– Ана төрт атты Абай мен Байзаққа байламасқа не тұр, кешірдік, кешіледі. Әзбергеннің ұрлығын қойдыруға кім кепіл бола алады? – дейді.

Әзберген де босап жылап: «Ұрлықты қойдым. Әттең, кедейшілік қырсық», – дегенде, Абай оған:

– Сен ұрлығыңды шынымен қойсаң, мен шамам келгенше қырсығыңды қиып тұрайын, – деп сол жерде ас-азық, балаларына киім-кешек беріп аттандырыпты.

ЖАҚСЫ ҚАУЫМНЫҢ ЖАМАНЫ БОЛ

«Абайды Оразбайдың озбырлары сабапты» деген хабарды естіп төрт арыс – арғын, найман, керей, уақтың игі жақсылары жиналып барып, Абайды қорғап, жақтап сөйлей бастағанда, бірден суырылып Бегеш:

– Абай мырза, «ерге жара – түйін» деген. Ит арамды, тентек Құдайды танымайды. Сіз жалғыз тобықты үшін ғана ұл емес едіңіз. Орта жүздің арысы едіңіз. Көптің қоңыр бұйра нарындай, көктемдегі жауындай жақсымыз едіңіз. Алаөкпелердің қолы тиді деп естіп келдік. Көштің байсал тапқаны – төрешіге барғаны. Отқа салып қанша өртесең де алтын, сірә, жез болмас, аяққа шұлғау қылсаң да асыл жібек бөз болмас. Білім – бақтың қазығы, білімсіз бақ – әлдекімнің азығы. Талай жан ауызбен аспандағы айды алады, қолымен қосаяқ та соға алмайды. Сағымдай құбылып, сабындай бұзылып, іріп-шіріп жоғалады да, Абай сияқты есті, ақылды адам надан еліне бола қалпынан айрылса не болмақ? Рұқсатыңды бер, тентегіңді тыюға келдік, – депті.

Сонда Абай:

– Әй, Бегеш-ай! Шешендікпен қиыстырып айтасыз-ау?! Ғаділет пен қасірет бар емес пе? Қаракүйенің дәні болғанша, жақсы қауымның жаманы бол десе не дер едіңіз? Жаман қауымның жақсысы болғанша, жақсы қауымның жаманы бол десе, қайтер едіңіз? Жамандықты жолы деп кеткен Оразбайға айтқан сөз суға жазғанмен тең. Мені бір ит қапты ғой. Қапқан иттен өш аламын десем, мен де ит болғаным ғой. Айыпты әпермеңдер, аяғыма жықпаңдар, – деп тоқтайды.

ЖАҚСЫЛЫҚҚА АЛЫС ЖЕР, АЛЫС ЗАМАН ЖОҚ

Құнанбайдың Көкше ішіндегі тұрғылас, дос кісісі Қаратай болған. Ол – көп елдің сыныншы шешен, жүйрік адам. Сол Қаратай бір күні Абай бастаған жас жігіттердің үстіне келіп, бұлардың заманын жамандап, өз заманын мақтай бастайды. Абай бұл сөздерге көп дау айтып келіп, ақырында: «Сіздің заманыңызда көрші елдер арасында бір қол кісі болып жиналып, түн қатып жүрмесе, жалғыз-жарым кісі қатынаса алмаушы еді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан, «әне, алып кетті, міне, алып кетті!» деп, кемпір-шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді. Сол заман да жақсы ма?» дегенде, Қаратай дау айтып келіп: «Менің заманым Пайғамбар заманына жақын», – депті. Бұған қарсы Абай: «Алатаудың басы күнге жақын, бірақ басында мәңгілік қар жатады. Сайында неше түрлі өсімдік, неше алуан жеміс шығады. Жақсылыққа алыс жер, алыс заман жоқ. Қайда болса да жетеді. Сіз Пайғамбарға Әзірет Әлінің әкесінен жақын емессіз, ол кәпір болған», – деген екен.

БҮГІН:

ТАМЫЗ

Дс	1
Сс	2
Ср	3
Бс	4
Жм	5
Сн	6
Жк	7
Дс	8
Сс	9
Ср	10
Бс	11
Жм	12
Сн	13
Жк	14
Дс	15
Сс	16
Ср	17
Бс	18
Жм	19
Сн	20
Жк	21
Дс	22
Сс	23
Ср	24
Бс	25
Жм	26
Сн	27
Жк	28
Дс	29
Сс	30
Ср	31

Тамыздың 10-ы

Алаштың атаулы күні:

• Ұлы ойшыл, ақын Абай (1845-1904) дүниеге келген күн. Бұл күн елімізде Абай поэзиясы күні ретінде аталып өтеді.

• 52 жыл бұрын (1959) Павлодар облыстық атқару комитетінің шешімімен облыстық балалар кітапханасына ақын, ағартушы-демократ Сұлтанмахмұт Торайғыровтың есімі берілді.

• 16 жыл бұрын (1995) Семей қаласында Абайдың жаңа мәдени-тарихи және аумақтық-мемориалдық кешені салтанатты түрде ашылды. Кешенге жаңа мұражай мен қайта өңдеу өткізілген, Абайдың өзі тәлім алған медресе мен мешіт кіреді.

• Алты жыл бұрын (2005) XIX ғасырда Абай Құнанбаевтың аталары жерленген Шығыс Қазақстан облысы Ақшоқы ауылының аумағында ұлы ақын, философ, ағартушының 160 жылдық мерейтойына орай, қара мәрмәрдан жасалған ескерткіш тас орнатылды.

• Бір жыл бұрын (2010) Талдықорған қаласында жаңа Спорт сарайының алдында қазақтың айтыс өнерінің алтын діңгегі Сүйінбай Аронұлына ескерткіш орнатылды.

Туған күн иелері:

Дәулет Сембаев (1935) – «Құс жолы» қайырымдылық қорының президенті;

Болат Құспанғалиев (1944) – ҚР құрметті сәулетшісі, Шығыс елдері архитектурасы халықаралық академиясының академигі, профессор, ҚР білім беру ісінің үздігі;

Мұрат Құсайынов (1948) – ҚР еңбек сіңірген әртісі, «Дос-Мұқасан» ансамблінің көркемдік жетекшісі;

Зернебек Шілдебайұлы (1949) – ақын, ҚР білім беру ісінің үздігі;

Мақсұт Құлжанов (1949) – медицина ғылымының докторы, профессор;

Тоқан Сұлтанәлиев (1949) – медицина ғылымының докторы, профессор, қоғам қайраткері;

Мейірхан Ақдәулетұлы (1950) – «Шамшырақ-Ақтөбе» ЖШС директоры, ақын, журналист;

Айдар Батырханов (1951) – Батыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының бастығы;

Такир Балықбаев (1957) – педагогика ғылымының докторы, профессор;

Бейбіт Сыздықов (1965) – Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының әкімі;

Абайділдә Санаубаров (1967) – Қарағанды облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бастығының орынбасары.

Мерейлі күндеріңіз мерекеге ұласып, мәртебелеріңіз арта берсін!
«Алаш айнасы»

Белгілі есімнің белгісіз сыры:

АБАЙДІЛДӘ – өткен ғасырдың елуінші жылдарында қабырғалы қаламгер М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы жарыққа шығып, ел ішіне кеңінен насихаттала бастаған тұста өмірге келген нысып. «Абай сияқты ғұлама, білім қуған данышпан, ел қамын ойлаған жанашыр болсын» деген ырыммен қойылады. Абай мен оның жұбайы Ділдәнің құрметіне халықтың шексіз махаббаты болып жеткен бұл есім халық арасында өте сирек кездеседі.

Шығуы 05:52 | **Ұзақтығы** 14.12 | **Батуы** 20:03

СКАНВОРД

Құрастырған Айтқазы МАЙЛЫБАЙ



Газетіміздің №138 (590) санында жарияланған сканвордтың жауабы

КӨЛДЕНЕҢІНЕН: Кінә. Икар. Рено. Киіт. Анна. Цой. Екітүгей. Ай. Сыр. Неон. Эссе. Анри. Үзік. «Аякс». Өрт. Ет. Атыз. Омар.

ТІГІНЕН: Шіби. Креозот. Ірі. Мәрт. «Танакөз». Күй. Шина. Эрато. Концессия. Нойыс. Кеа. Ырғай. Реестр.

Ауа райы



«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС ұжымы серіктестіктің Бас есепшісі

Гүлзағипа Құдайбергенқызы ҚАЛЫҚБЕРГЕНОВАНЫҢ

ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Алаш айнасы» газетіне жазылу индексі: 64259
Редакцияның мекенжайы:
Алматы қаласы,050051, Бегалин көшесі, 148/1 А
e-mail: **info@alashainasy.kz**

Таралымы – 10 000 дана

Газет сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі күндері шығады.

Кезекші редактор – Роза ҚАРАЕВА

Алматы қаласы «Дауір» РПБК ЖШС
Қалдаяқов көшесі, 17-үй. Тел.: **8 (727) 273-12-04, 273-12-54**
Тапсырыс – №9398

Астана қаласы «Астана-Полиграфия»
Бруиловский көшесі, 87-үй. Тел.: **8 (7172) 37-05-59**
Тапсырыс – №11596

Шымкент қаласы «Оңтүстік полиграфия» баспалар үйі» ЖШС
Байтұрсынұлы көшесі, 18-үй. Тел.: **8 (7252) 30-03-30, 30-03-31**
Тапсырыс – №8126

Бағасы келісімді

Газет 2008 жылдың 17 қарашасында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №9650-Г куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.

Көлемі екі компьютерлік беттен (14 кегль) асатын материалдар қабылданбайды.

«Алаш айнасында» жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Құрылтайшысы және иесі – «ТОЛҒАУ» ЖШС
Директор – Александр Филимонович АН
Тарату қызметі
тел.: **8 (727) 388-80-88**
Жарнама бөлімі
тел.: **8 (727) 388-81-00**
8 (727) 380-41-78
e-mail: **alikulova.a@orangepoint.kz**

Аймақтағы тілшілер:
Атырау – Бақытгүл БАБАШ, тел.: 87015533653
Қарағанды – Серік САҒЫНТАЙ, тел.: 8777 3909779
Жамбыл – Гүлжан КӨШЕРОВА, тел.: 8701 7711648
Қызылжар – Ербақыт АМАНТАЙ, тел.: 8 705 4418255
Қызылорда – Әділжан ҮМБЕТ, тел.: 8777 7054466
Өскемен – Азамат ҚАСЫМ, тел.: 8777 3554114
Шымкент – Шадияр МОЛДАБЕК, тел.: 8705 9877799

Астана бюросы:
Мекенжайы: Сейфуллин көшесі, 31, офис 215
Тел.: **8 (7172) 54-27-31**
E-mail: aa_astana@mail.ru
Айбын ШАҒАЛАҚОВ – Астана бюросының жетекшісі
Салтан СӨКЕН – тілші
Қанат ТОҚАБАЕВ – тілші
Арман АСҚАРОВ – тілші

Бөлім редакторлары:
Құбаш МЕНДІҒАЛИЕВ – саяси бюро, тел.: **388-80-72**
Берік ӨШІМОВ – нарық, тел.: **388-80-69**
Қалдар КӨМЕКБАЕВ – қоғам, тел.: **388-80-65**
Алмат ИСӘДІЛ – өркениет, тел.: **388-80-64**
Нұрғазы САСАЕВ – дода (спорт), тел.: **388-80-74**
Болатбек МҰХТАРОВ – жаңалықтар, тел.: **388-80-68**
Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ – меншікті тілшілер қызметі, тел.: **388-80-62**

Айдын ҚАБА – жауапты хатшы
Талғат КІРШІБАЕВ – жауапты хатшының орынбасары
Нұрлыбай ИТЕКБАЕВ – тех.редактор
Күлаш НАҚЫПОВА – аға корректор, тел.: **388-80-76**

Бас редактор – Серік ЖАНБОЛАТ
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ
Бас редактордың бірінші орынбасары
Мақсат ӘДІЛХАН
Бас редактордың орынбасары

Алаш айнасы
Республикалық қоғамдық-саяси ақпараттық газет

Қабылдау бөлмесі: 8(727)388-80-60, факс: 8(727)388-80-61